

Береке, байлық – бірлікте!

ҰЛЫТАУ Өңірі

№ 51 (5971) Сәрсенбі, 31 желтоқсан, 2014 жыл Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

ЖАҢА ЖЫЛДАРЫҢЫЗБЕН!



Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді келе жатқан 2015 жылмен шын жүректен құттықтаймыз!

Қалыптасқан дәстүр бойынша біз Жаңа жылды қарсы ала отырып, өткен жылды қорытындылаймыз. 2014 жыл еліміз үшін де, сонымен қатар Ұлытау ауданы үшін де табысты жыл болды. Тұрақтылықтың, бейбітшіліктің және келістіктің арқасында біраз іс тындырдық, толайым табыстарға қол жеткіздік және маңызды оқиғаларды бастан кешірдік. Ұлт ұясы атанған Ұлытау ауданы өзінің 75 жылдық мерейтойын атап өтті. Өңірімізге Елбасы, Тұңғыш Президентіміз – Нұрсұлтан Назарбаев арнайы келіп, дүйім елге үлгі болған сұхбатын берді. Елдің бетін Ұлытауға бұрды. Бұлар біз үшін ең басты, ең құнды жаңалықтар болды.

2014 жылы ауыл еңбеккерлері мен мекемелері ұлытаулықтардың әл-ауқатын және өмір сапасын жақсартып отырып, тұрақты жұмыс істеп дамыды. Біз мәдениеттегі, спорттағы, халықты жұмыспен қамтудағы және жастар саясатын іске асырудағы жетістіктерімізді мақтан тұтамыз. Ауданда жаңа нысандар бой көтеріп, көшелер мен аулалар абаттандырылды, жолдар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және әлеуметтік сала нысандары жөндеуден өткізілді. Өтіп бара жатқан жыл Жезқазған-Бейнеу, Арқалық-Шұбаркөл теміржол желілерінің біздің аудан аумағымен өтіп, елдің екінші тынысының ашылуымен, осыған байланысты ауылдарды үлкен құрылыстың басталуымен есімізде қалатын болады.

Игілікке және гүлденуге бастар анық жол – бұл жасампаз еңбек, достық, өзіңе және өз келешегіңе сеніммен қарау екендігіне тағы да көзіміз жетті. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа жобасы біздің ертеңге деген сенімімізді нығайта түсті.

Құрметті ұлытаулықтар, ыстық ықыласпен Сіздерге мықты денсаулық, барлық игі істеріңіз бен бастамаларыңызға сәттілік тілейміз. Жаңа жыл әр отбасына, әр шаңыраққа жақсылық пен молшылық, қуаныш пен бақыт әкелсін. Мерекелеріңізбен құттықтаймыз!

Ұлытау ауданының әкімі
Х. ОМАРОВ

Аудандық мәслихаттың хатшысы
Т. СЕЙТЖАНОВ



ЖАҢА ЖЫЛ БЕРЕКЕЛІ БОЛСЫН!

Талай тарихи оқиғаларға толы 2014 жыл да өтті. Өткен жыл еліміз үшін табыс жылы болды. Аудан халқы Елбасымыздың дәстүрлі Жолдауларындағы басым бағыттарды жүзеге асыруға лайықты үлес қосып, өткен жылды толағай табыстармен қорытындылады. Аудан халқының табысқа жетуіне «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы ұйтқы болды. Партия мүшелері еңбекте белсенділік көрсетті.

Ауданға ҚР-ның Тұңғыш Президенті келіп, Ұлытау төрінде сұхбат беруді аудан халқының ісіне соны серпін, тың жігер берді. Тек ұлытаулықтарды ғана емес, елді қуанышқа бөледі.

Міне, ырыс пен берекені арқалап 2015-Жаңа жыл да жетті. Бұл жыл береке мен мерекеге, қызық пен қуанышқа, есте қаларлық тарихи оқиғаларға толы жыл болғалы тұр. 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланады. Бұл Елбасымыздың бүгінгі және келер ұрпақтардың ұлттық тарихымызды білуіне, жасап отырған баға жеткісіз қамқорлығы.

2015 жыл Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Республика халқына арнаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауындағы басым бағыттарды, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру бағытындағы қарқынды еңбек жылы болмақ.

Мен бүгін аудан халқын, есігімізден еніп, төрімізге шығып келе жатқан Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын. Әр отбасына бақыт, ырыс-береке, елге бірлік, бейбітшілік тілеймін.

Ж.БАБАТАЕВ,
«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

ЖЫЛ ТАБЫСТЫ БОЛСЫН!

Міне, талай тарихи оқиғаларға, толымды табыстарға толы, қызық пен қуанышқа кенелткен 2014 жыл да өтті. Өткен жыл еліміз үшін, әсіресе, ұлытаулықтар үшін айрықша есте қаларлық тарихи жыл болды. ҚР Тұңғыш Президенті алысты болжайтын көреген, кемеңгер Елбасы Н.Ә.Назарбаев қасиетті де киелі, ұлт ұясы, Ұлы дала төсіндегі Ұлытаудың төрінде Әулиебұлақтың басында, ақ қайыңдар мен жасыл теректер өскен орманның қасында тұрып сұхбат берді. Бұл тек Ұлытаудың тарихына ғана емес, ұлт тарихына алтын әріппен жазылып қалатын ұлағат болды. Елбасы қазақтың жерінің қай жеріне барсаң да қасиетті жерлердің бар екенін айта келіп, Ұлытаудың орны бөлек екенін айрықша атап айтты. Сұхбатының қорытындысында: «...қазір далада күннің ыстығы 40 градусқа жуық болып тұрса да осы Әулиебұлақтың жағасы қандай көркем. Мына тұрған қайыңдар, мына жер сонау Жошыханның да, Алашаханның да, Тоқтамыстың да, Едіге батырдың да – бөрінің көзін көрген шығар. Мінекей, дүние деген осылай ылғи тұра береді. Заман өтеді, уақыт алға жылжиды. Ұрпақтар бірінің жолын бірі жалғайды. Бірақ, ата-бабамыздың жері осылай керемет болып қала береді. Осындай әулиелі жерден қуат алған халқымыз ата-бабалар жолымен жүреді деп санаймын. Ол жол сара жол, Мәңгілік елдің жолы!» – деді.

Елбасымыздың бұл тарихи сұхбаты ұлытаулықтардың ісіне қуатты серпін берді. Аудан өткен жылды барлық салалар бойынша жоғары жетістікпен қорытындылады. Аудан орталығы, басқа да елді мекендер ұйымдастыру ісінің ұтымдылығының арқасында гүлденіп, көркейіп келеді. Ұлтымыздың ұлы тарихы жатқан Ұлытауды ұлықтап, көркейтуге, туризмді дамытуға нақтылы шаралар жүзеге асырылуда.

Өткен жылға өкпе жоқ, тарихи оқиғаларға толы, тамаша табыс жылы болды. Әрине, алған асуымыз аласа емес, жаңа жылда алар асуымыз одан да биік. Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауын жүзеге асыруға әр азамат өзінің лайықты үлесін қосуға тиіс. ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Жаңа қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы» деп атап көрсетті. «Нұрлы жол» Жолдауында Елбасы еліміздің барлық салада қуатты қарқынмен дамып келе жатқанына жан-жақты тоқтала келіп, «Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік-берекесі, ... ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі» екенін атап көрсетті.

Жаңа жыл құтты болсын жәмиғат! Бұл жыл халқымыз үшін толағай табыс пен береке, бірлік, бақыт жылы болсын!

М.МАШАЙҚҰЛЫ,
Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.

ЕЛБАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ ТОЛҒАУЫ

Заман ағымы бізді Қазақстан Республикасы тұңғыш рет Тәуелсіз Ел ретінде әлемге әйгіленген тарихи дата — 1991 жылдың 16 желтоқсанынан алыстатып барады.

Біз жыл өткен сайын сол бір тарихи таңдаудың сарқылмас құдіретін жан жүрегімізбен түсінеміз.

Ол — егемен мемлекетте бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде азат өмір сүру таңдауы.

Ол — туған жеріміздің қазынасы мен қазба байлығына дербес иелік етіп, барша қоғамның игілігі үшін өз қалауымызбен жұмсау таңдауы.

Ол — өз тағдырымызды өзіміз айқындау, болашағымызды өз қолымызбен жасау таңдауы.

Біздің жаңа Қазақстанымыз жарық жұлдыз болып дүниеге келді.

Баршамызды Тәуелсіздіктің Ұлы Рухы жебейді, біріктіреді, бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтады.

Ол алтын күні жарқырап, алтын қыраны қалықтаған Қазақ Елінің ашық аспаны астында дүниеге келген әрбір сәбидің жүрегіне орнайды.

Ол әрбір азаматтың жүрегінде, әр шаңырақтың төрінде, елімізде бой көтерген әрбір үйде, әрбір қала мен ауылда салтанат құрады.

Ол біздің экономикамыздың өсімімен, әрбір жаңа өндіріс орынымен, ұланғайыр Отанымызға төселген әрбір күре жолмен, дала төсіне өнген әрбір тонна алтын дәнмен нығаяды.

Тәуелсіздік — сан буын бабалардың қасиетті жеріміздің әрбір қадамын қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өтеуі.

Тәуелсіздік — кешегі батыр бабалар өсиет еткендей Қазақстанды қасық қаны қалғанша қорғау жөніндегі әрбір азаматтың қайсар шешімі.

Біз жүргізіп отырған сыртқы және ішкі саясат — ХАЛЫҚТЫҢ ДАНАЛЫҒЫ.

Қазақстанды өркендету жолындағы күллі жауапты шешімдердің даналығы.

Халқымыздың асқақ абыройының, қонақжайлылығы мен кең пейілінің даналығы.

Тәуелсіздік дегеніміз — ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК.

Ғылым қуып, білім іздеген оқушылар мен студенттердің еңбегі.

Еліміздің ұлттық байлығын еселей түсетін барша мамандық иелерінің еңбегі.

Әрбір жас буынның жүрегіне Отанға деген шексіз сүйіспеншілік дарытатын қазақстандықтардың еңбегі.

Оның көкілегін жаһандық деңгейге жайған сан қырлы мәдениеті бар.

Оның ғылымға, инновациялар мен прогреске әрдайым айқара ашық есігі бар.

Оның көздеген межелеріне қалайда жететін мақсаткерлігі бар.

Мәңгілік Ел — Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы.

Бұл қағидаларды мүлтіксіз сақтай отырып біз Отанымыздың Көкбайрағын нық ұстаймыз, оны Қазақстан дамуының жаңа биіктерінде асқақтата желбіретеміз.

Бұл — біздің мәңгілік ұстанымымыз!

Жақсының аты өшпейді

АУДАННЫҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫНА АРНАЛДЫ

Ұлытау аудандық Орталық кітапханада Сабыржан Досановқа арналған «Ұлытаудың ұланы» атты еске алу кеші болып өтті. Кешті абонемент бөлімінің кітапханашысы Рәш Саймағанбетова ұйымдастырды. Кештің мақсаты — жас ұрпақты жақсы оқып, өз елін сүйіп, оған қамқор болуға, парасатты, кішіпейіл және жан-жақты болып өсуіне баулу болды. Кешке келгендер Сабыржан Досанұлының өмірі, еңбек жолдары жайлы шағын баяндама тыңдады.

Алғашқы сөз кезегі Сабыржан ағамыздың ағасы Р.Нұрахметовке берілді. Ол кісі Сабыржан ағаның туысқа деген кішіпейілділігі, олардың жағдайын ойлайтыны, ел үшін жасаған қызметі жөнінде айтып өтті. Талай жыл өмірде қатар жүрген Ш.Смайылов ағамыз Сабыржанға бүгінгі кеште не айтсақ та көп болмайды дей келе, ел үшін атқарған қызметті және ол кісінің атынан бір көше берсек те көп болмайтынын айтты. Жас ұрпақтарға ол кісі жайлы ұлағатты сөздер айтты. Сондай-ақ, С.Обайдуллин, Қ.Бекілдеков, мұражай қызметкері Н.Райымовалар сөз сөйледі. Ұлы Айдар өз әкесі жайлы, әкесінің өмірде парасатты, білімді болғанын сөз етті. Келіндері Е.Әбішева мен Н.Жарасбаевалар жүрекжарды сөздерін жеткізді.

Келесі сөз кезегі өмірде жанашыры болған жұбайы Шайжамал Жарасбаева

апайға сөз кезегі берілді. Ол кісі Сабыржан ағаның Ұлытау ауданына сіңірген көптеген еңбектері жайлы әңгімеледі. Жанұяда бала тәрбиесінде жақсы істер атқарғаны, немерелерін білімге баулығаны жөнінде айтып өтті. Сонымен қатар Сабыржан ағамыздың көптеген оқыған кітаптарын (600 данаға жуық) аудандық кітапханаға сыйға тартты.

Аудандық кітапхананың библиографы Гүлзира Әбдікәрова «Еліне елеулі азамат» атты кітап көрмесіне шолу жасады. Ол кісінің оқыған кітаптары жайлы медальдары, грамоталары жайлы әңгімелеп берді. Аудандық Орталық кітапхананың кітапханашысы Лалагүл Шайхина Сабыржан ағамыздың мерейтойына арналған жыр шумақтарын, №1 Ұлытау орта мектебінің 10-сынып оқушылары Айжан Ардақ пен Фариза Ақышевдалар Сабыржан ағамыздың 60, 70 жылдыққа арналған өлеңдерін оқыды. Жиынды аудандық кітапхананың директоры С.Ниязова қорытындылады. Соңында Мәдениет үйінің өнерпаздары Ж.Рашид «Ерке сылқым» күйін, А.Есімова «Аққу» күйін орындап, Ғ.Оспанов «Елім менің» әнімен аяқтады. Келген оқырмандар риза болып тарасты.

Ұлытау аудандық Орталық кітапхана ұжымы.

ӨМІРДЕРЕК

Досанов Сабыржан Досанұлы 22 наурыз 1933 жылы Қарағанды облысы Ұлытау ауданында дүниеге келді.

Ұлытау орта мектебін бітіргеннен кейін 1952 жылы Алматы зооветеринарлық институтына түсіп, 1957 жылы ойдағыдай бітіріп шықты. 1957 жылдан 1963 жылға дейін Ұлытау ауданы «Ұлытау» совхозында бас зоотехник қызметін атқарды. 1963-65 жылдар аралығында Алматы жоғарғы партия мектебін оқып бітірді. 1965-66 жылдары «Шеңбер» совхозының партия комитетінің секретары болды. Ал, 1966 жылы Қарағанды облыстық партия комитетінің ауылшаруашылық бөлімінде нұсқаушы қызметін атқарған. 1967-1972 жылдары Жезді аудандық партия комитетінде секретары болып қызмет атқарды. 1972-1982 жылдары аралығында Ұлытау аудандық Совет атқару комитетінің төрағасы, ал 1982-85 жылдары Жезқазған облыстық ауылшаруашылық кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1985-86 жылдары Ұлытау аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы болып қызмет атқарды. 1988-90 жылдары аудандық Халық-бақылау комитетінің төрағасы, 1991-93 жылдары зейнеткерлікке шыққанға дейін «Ұлытау» табиғи-тарихи және мәдени қорық музейінің директоры болып қызмет атқарды. Үкімет тарапынан еңбегі бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталды. Ұлытау ауданының Құрметті азаматы болды. 2010 жылдың 28-желтоқсаны күні өмірден озды. 6 бала тәрбиелеп өсірді, одан 14 немере, 11 шөбересі бар.

Ұлытау ауданының әкімдігі

23 желтоқсан 2014 жыл

Ұлытау аудандық мәслихатының бірлескен қаулы және шешімі

24 желтоқсан 2014 жыл

№36/02

№216

АҚТАС КЕҢТІНЕ ҚАРАСТЫ ПИОНЕР АУЫЛЫН «ҚЫПШАҚБАЙ АУЫЛЫ» ДЕП ҚАЙТА АТАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» ҚР-ның 1993 жылғы 8 желтоқсандағы №4200 Заңының 12-бабы, 5-тармағы негізінде, ҚР-ның 2001 жылғы 23 қаңтардағы «ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6, 31-баптарына сәйкес, Ұлытау аудандық мәслихаты шешім қабылдады және Ұлытау ауданының әкімдігі қаулы етеді.

Ұлытау ауданының Ақтас кентіне қарасты Пионер ауылының атауын «Қыпшақбай ауылы» деп қайта атау туралы Қарағанды облысы әкіміне және Қарағанды облыстық мәслихатына ұсыныс берілсін.

Ұлытау ауданының әкімі

Сессия төрағасы

Ұлытау аудандық мәслихатының хатшысы

Х.ОМАРОВ

М.МӘТКЕНОВ

Т.СЕЙТЖАНОВ

Марапат иесі СӘНИЯ

Мұхтар ДӘУІТОВ

Кентіміздегі емханаға бас сұқсаңыз педиатрия кабинетіне толассыз кіріп-шығып жатқан анасы құшағындағы құндақтаулы сәбиден бастап, мектеп жасындағы балаларды көресіз. Ұлты татар болғанмен емге келушілерді қазақша тілмен жылы қарсы алатын игі жүзді балалар дәрігерін бұрыннан танитынмын. Бұл жолы Сәния Валиуллалқызы Абашева отырған қабылдау бөлмесіне кіріп, біраз сұхбаттасуымның реті келді.

Сәнияның ата-анасы 1958 жылдары Ресей жақтан Жездіге көшіп келген екен. Әкесі Валиулла Абашев сол кездері ашылып жатқан кентіміздегі кең барлау партиясында қарапайым тракторшы, «ДТ-24» техникасының жүргізушісі болса, анасы Гликерия Алексеевна пошта бөлімшесіне жұмысқа тұрып, зейнеткерлікке шыққанға шейін сонда түрлі қызметтер атқарыпты. Мұнда қоныстанғанда Сәния небәрі бес жаста болса керек, өсе келе мектеп табалдырығын аттаған соң, құрбы-құрдастары көбейіп, жергілікті тұрғындармен етене араласып кетеді.

Мен кентіміздегі №5 орта орыс мектебінде талай ұлттың балаларымен бірге оқып, тату-тәтті бірге ойнадым. Бұл күндердегі Президентіміздің ынтымақтастық, татулық, достық, деп қайталап айтып жататын әр сөзі, біздердің балалық шағымыздардан қалыптасып, бастау алып жататындығы ойыма оралады. Олай дейтінім, мектептегі жылдары литван Ирена Петрускайте, корей баласы Александр Теё, украин Александр Болюбаш, қазақтың қара домалағы Әбдікен Жабаевтармен, талай орыс қыздарымен бірге оқыдық. Бәріміз таласып-тартыспай спорттық ойындар ойнап, үйірмелерге қатыстық. Жастық шағымыз тыныш та, қызықты өтті. 1-Мамырдағы мерекеде әрқайсымыз ұлттық киімдерімізді киіп, біріміз шар, біріміз гүл ұстап, салтанатты шеруге шығатынбыз. Бірге оқыған сыныптасым Володя Потогин шатырында қолға үйретілген кептерлерін 1-Мамырда алып шығып, достықтың символындай әппақ көгершіндерін әуелете аспанға ұшыратын, деп еске алады Сәния.

Сол жылдары біздерге қазақ тілін үйрен,—деп өшкім қыстаған жоқ. Қай ұлттың өкілі болмасын қазақ балалары ортасында аралас-құралас жүргендіктен болар, қазақша сөйлеуді өздігімізден үйреніп кеттік. Әсіресе, неміс, корей ұлтының қазақша таза сөйлейтінін көрсеніз, өз ана тілінде шала сөйлейтін қазақ балаларын тіл шешендігімен шаң қаптыратын,—дейді Сәния.

Сәния орта мектепті 1970 жылы жақсы бағамен бітіріп, кез-келген жоғарғы оқу орнына түсуге мүмкіншілігі көп болыпты. Алайда, қатарлас құрбылардың кеңесімен Қарағандыдағы медициналық институтқа түсіп, педиатрлық факультетін таңдапты. Институтты ойдағыдай бітірген соң оқу орнының өтілдік жолдамасымен алғашқы еңбек жолын Жезқазғанда бастапты. Жыл өткен соң Жезді кентіндегі ауруханада еңбегін жалға-

стырған Сәния Валиуллалқызы Абашеваның балалар дәрігері болып үзбей қызмет істеп келе жатқанына тура 33 жылға айналыпты. Жүрісі ширақ, біраз жасты еңсеріп қалған жан менің таң қалғанымды байқап, зейнеткерлікке шыққанымға біраз болғанымен де, басшымыз Әбен Жәненұлының қолдауымен әлі де қыз-

метімді жалғастырудамын,—дейді ол. Талай жылдар өтсе де өзіне ағалық қамқорлық жасаған С.Әлібеков, М.Әлиакбаров, Ғ.Мәлік, Е.Салықов, Т.Әбдіразақовтардай дәрігер әріптестерін аузынан тастамай, еске алып отырды. Бұрынғы жылдары да осы ұжымда талай ұлт өкілдері қызмет істегендігін айтып, медбикелік жұмыс атқарған грек қызы Ирина Харабет, қазақ қызы София Нүрекенова, оташы-хирург, неміс жігіті Вильгельм Бриске халық сүйіспеншілігіне бөленген жандар еді. Вильгельм Германияда

тұрып жатса, Ирина мен Софиялардың медбикелік қызметін Жезқазған емханаларында жалғастырып жатыр,—дейді Сәния.

Қазіргі күні кабинетіндегі көмекші медбике Райхан Оразғалиқызы Аубаеваны тәжірибесі мол іскер жан ретінде бағалап, өзінің «оң қолы» санайтындығын Сәния мақтанышпен жеткізген-тін. Көңілін мазалаған ойға шомған Сәния соғыстан кейінгі жылдары марганец кенішін көтерісуге келген украин құрылысшылары балаларының еліне үдере көшіп кеткендігіне қайғыратындығын айтады. Жездіден кеткен таныстарының оқ пен оттың арасында қандай күйде жүргенін кім білсін!—дейді.

Кездескен сәтімізден-ақ Сәния Валиуллалқызына Қарағанды облысының әкімі Н.Әбдібековтің Тәуелсіздік мерекесінде «Шапағат» медалімен марапаттап жатқанын теледидардан көргендігімізді айтып, наградасымен құттықтаған болатынбыз. 2014 жылғы 5-желтоқсандағы ҚР Президентінің Жарлығымен «Шапағат» медалі наградасының куәлігінен Мемлекет басшысының қойған қолы мен мөрі басылғандығын көрдік.

Бұл награда менің ғана емес, біздің ұжымның алға қойған мақсаттарға жүктелген міндет,—дейді Сәния Валиуллалқызы Абашева. Біз де Сәнияның іштегі түйсігімен еліміздің Президентінің биылғы Жолдауындағы алға қойған стратегиялық мақсаттарын жете түсінгендігінен туындаған ой,—деп түйіндедік.

Суретте: «Шапағат» медалінің иегері, балалар дәрігері Сәния Абашева. Жезді кенті.



ҰЛЫТАУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ XXIII СЕССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

24 қараша 2014 жыл

№196

2014 жылға Ұлытау ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін несие түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру,

әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. 2014 жылға Ұлытау ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, өтініш берген сәтіне жетпіс айлық есептік

көрсеткіш мөлшеріне тең сомада көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын бір маманға бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы	Ұ. Қожасова
Ұлытау аудандық мәслихаттың хатшысы	Т. Сейтжанов

КЕЛІСІЛДІ:

«Ұлытау ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы
Т. Шайхин

(Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 24 қарашадағы №196 шешімі Қарағанды облысы Әділет департаментінде 2014 жылдың 22 желтоқсанында тіркеліп, нормативтік-құқықтық актілердің Тізіліміне 2886 нөмірімен енгізілді).

24 қараша 2014 жыл

№198

Ұлытау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 12 шілдедегі №113 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2001 жылғы 13 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңдарына сәйкес, Ұлытау аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ұлытау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 12 шілдедегі №113 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2381 болып тіркелген және 2013 жылғы 17 тамыздағы № 30 (5902) «Ұлытау өңірі» газетінде жарияланған), келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларының 6 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы және мереке күндерінің тізбесі:

- 1) 9 мамыр – Жеңіс күні;
- 2) 1 маусым – Балаларды қорғау күні;
- 3) 1 қазан – Қарттар күні;
- 4) Мүгедектер күні (қазанның екінші жексенбісі);
- 5) 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні;
- 6) 1-2 қаңтар - Жаңа жыл;
- 7) 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні
- 8) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 9) 21-23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 10) 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі
- 11) 6 шілде – Астана күні;
- 12) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні
- 13) 15 ақпан – Ауғанстаннан әскери күштің шығу күні
- 14) 26 сәуір – Чернобыль АЭС-да апат болған күн.».

9 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын.
«9.Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар: бірінші дүниежүзілік, азамат және Ұлы Отан соғыстары кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар (бұдан әрі – КСР) Одағын қорғау жөніндегі басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия флот құрамына кірген бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет еткен әскери қызметшілер, азамат және Ұлы Отан соғыстарының партизандары мен астыртын күрес жүргізушілері;

2) Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар:

қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның

одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар;

Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтынылған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері; қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен әрі «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған азаматтар; екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы көмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағы Үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1986-1987 жылдары Чернобыль атомдық электростанциясындағы (бұдан әрі - АЭС) апаттық, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар;

3) Ұлы Отан соғысының мүгедектері: бірінші дүниежүзілік, азамат және Ұлы Отан соғыстарында майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, партизандар мен астыртын күрес жүргізушілер қатарында болған адамдар, сондай-ақ бірінші дүниежүзілік, азамат және Ұлы Отан соғыстары кезінде майданда, ұрыс қимылдары жүргізілген аудандарда, майдан маңындағы теміржол учаскелерінде, қорғаныс шептерін, әскери-теңіз базалары мен аэродромдар салу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әрі зейнетақымен қамсыздандырылуы жағынан әскери қызметшілерге теңестірілген жұмысшылар мен қызметшілер;

4) Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар:

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы,

зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер; әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар;

1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин КСР-ы, Беларусь КСР-ы, Литва КСР-ы, Латыш КСР-ы, Эстон КСР-ы аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқаруға кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар; басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер;

Чернобыль АЭС-ғы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары;

5) соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары:

қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары, атап айтқанда; бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің басқа да міндеттерін (қызмет міндеттерін) атқару кезінде жаралану, контузия алу немесе зақымдану нәтижесінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығу салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын күрес жүргізгендердің, Қағидалардың осы тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген адамдардың отбасы;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы;

бұрынғы КСР Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасы;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы; бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматты немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың

отбасы;

қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен, қайтыс болған) адамның асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төленетін балалары мен асырауындағы басқа да жандар;

қайталап некеге отырмаған ата-ана, зайыбы (жұбайы);

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері);

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар, сондай-ақ 1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда;

1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқа да мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер;

6) Ұлы Отан соғысы жылдарында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) адамдар;

7) 18 жасқа толмаған жетім және мүгедек балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

8) жетпіс және одан жоғары жастағы зейнеткерлер;

9) 18 жастан асқан 1, 2, 3 топтардағы мүгедектер;

10) жалғызділікті және жалғыз тұратын еңбекке жарамсыз қарт азаматтар, зейнетақының ең төмен мөлшерін алатын зейнеткерлер, аз қамтылған отбасылар;

11) саяси қуғын-сүргін құрбандары;

12) «Алтын алқа» және «Күміс алқамен» марапатталған көпбалалы аналар;

13) көмелетке толмаған 4 және одан да көп балалары бар отбасылар;

14) табысы кедейшілік деңгейінен төмен аз қамтылған азаматтар;

15) табысы азық-түлік себетінен төмен аз қамтылған азаматтар.».

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы	Ұ. Қожасова
Ұлытау аудандық мәслихатының хатшысы	Т. Сейтжанов

КЕЛІСІЛДІ:

Ұлытау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы

А. Абилова

(Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 24 қарашадағы №198 шешімі Қарағанды облысы Әділет департаментінде 2014 жылдың 22 желтоқсанында тіркеліп, нормативтік-құқықтық актілердің Тізіліміне 2885 нөмірімен енгізілді).

Мереке мерейі

Ата-баба арманы –
Тәуелсіздік күні ұлықтады

Ата-бабамыз білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалған иен даланың иесі қазақ халқының маңдайына біткен сан ғасырлар бойы бабаның қанымен, ананың көз жасымен келген Тәуелсіздік күні мерекесін Егінді ауылының тұрғындары да үлкен құрметпен қарсы алды.

Кешелер, ғимараттар жаны мерекелік тулармен тақырыпқа сай безендірілді, ұран сөздер ілінді. Ауыл халқы клуб үйіне мерекелік көңіл күймен ағылды. Мерекелік салтанатты жиын еліміздің асқақтата салған Өңір анымен ашылды, халық қошемет көрсетіп, қол соқты.

Жиынды ауылымыздың әкімі М.Ахметов құттықтау сөзімен ашып, ол тәуелсіз ел – мәңгілік ел болатындығын, Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болуы үшін оны әр уақытта қастерлей білуді, ел, мемлекет мүддесін әрқашанда жоғары ұстауды, қазақ елінің болашағы, келешегі кейінгі ұрпаққа аманат екендігіне тоқталып, Елбасының Жолдауындағы маңызды стратегияларының негізгі басымдылықтарына мән берді, келесі жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы мерейтойының Ұлытау өңірінде де аталып өтетіндігін атап өтті. Сонымен қатар, ауыл әкімі Ұлытау ауданының 75 жылдығы тойын атап өтуде қаржылық-материалдық көмек деуешілік жасаған ауылдың потенциалды шаруа қожалықтары мен фермерлері Ж.Күнеділовке, Б.Нұржановқа, С.Башановқа, О.Мұстафинге, Д.Мұқановқа, М.Бітімбаевқа, Е.Есенбековке, т.б. азаматтарға алғысын айтты. Тәуелсіздік күніне орай, ауылдың мәдени-қоғамдық өміріне атсалысқандары үшін мектеп, ОДА, клуб үйі, малдәрігерлік пункт, әкімшілік қызметкерлерін және жеке шаруа қожалық иелерін ауыл әкімінің Алғыс хатымен, бағалы сыйлықтарымен марапаттады.

Ауыл ақсақалы Өмірбай Смағияновты 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мере-

кесімен тұспа-тұс келген туған күнімен құттықтап, иығына шапан жапты. Клуб үйінің әдіскері Г.Ахметова клуб үйінің ағымдық жөндеу жұмыстарына қолұшын берген ауыл азаматтарына мерекелік сый-сияпат жасап, марапаттады.

Тәуелсіздік күніне орай, мектебіміздің үздік оқушылары «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына мүшелікке салтанатты түрде қабылданып, ант берді. Мектеп мұғалімі К.Молдабеков және ар-



дагер-ұстаз М.Мейрмановалар балалардың мойнына галстук байлап, ақ баталарын берді. Ауыл ақсақалы М.Смағұлов, ауыл жастарының атынан мектеп мұғалімі Н.Мұбарақовалар мерекелік құттықтау лебіздерін білдірді.

Салтанатты жиынды мектеп оқушылары мен клуб үйінің қызметкерлерінен құралған концерттік бағдарлама қызықтыра түсті. Өнерпаздар Ө.Сәдуақасов, Т.Қабылда, П.Дәлкен, Н.Амандық, С.Қоныс, С.Берікбай, Д.Қажымұқан, С.Бөлегенова, Қ.Сейітжаппар, А.Жұмаділовалар ән-күйден шашу шашып, дөңгелете би биледі. Концерттік бағдарлама халық көңілінен шығып, жұртшылық қол соғып, зор ықылас білдірді.

Тәуелсіздік мерекесі ертеңіне шахмат, дойбы және де басқа спорттық ойын түрлерінен жалғасын тапты. Барлық қатысушылар марапатталып, сыйлықтар тапсырылды.

Г.ЕСКЕНДІРОВА,

Егінді клуб үйінің әдіскері.

Жезді кентіндегі кітапханада Тәуелсіздік күніне орай, «Сіз не дейсіз?» атты сыр-сұхбат ұйымдастырылды. Қолымыз жеткен тарихы терең Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін ұғындыру, қазіргі таңдағы тәуелсіз еліміздің жастарының бойынан патриоттық сезімді, қоғамға деген көзқарасын білу мақсатында, кентімізде әр салада қызмет етіп жүрген 20-30 жас аралығындағы жастар шақырылды.

Тәуелсіз елдің жастарымен
СЫР-СҰХБАТ

Іс-шараның кіріспе бөлімінде бес арысымыздың бірі, ақын Мағжан Жұмабаевтың «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты мен жастарға сенемін!» деген өлең жолдарын оқи отырып, осы сенімнің, бабаларымыздың үміті ақталған күн, армандары орындалған күн, тарихта үлкен әріппен жазылған Тәуелсіздіктің бастауы болған – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, оның құрбандары, ерлік жолында қаза болған қазақ жастары екені айтылып, келген қонақтарға экраннан «Желтоқсан ызғары» атты бейнебаян көрсетілді. Бейнебаянда көргендей адам жаны түршігерлік оқиғада құрбан болған жастарды еске алуда бір минуттік үнсіздік жарияланды.

«Сіз не дейсіз?» сыр-сұхбатында «Тәуелсіздікті қалай мақтан ете аласыз?», Тәуелсіз болу дегенді қалай түсінесіз?» деген сұрақтар төңірегіндегі сауалдарға алғашқы болып жауабын берген кешіміздің ең жас қонағы №6 орта мектебінің 11-сынып оқушысы Аслан Құрмаш еліміздің тыныштығы, ата-анасының, бауырларының амандығы және Елбасымыздың «Тәуелсіздіктің тірегі – білімді ұрпақ» деп жастарға жан-жақты білім алуға жол ашқандығын мақтан етіп айтса, №6 орта мектебінің мұғалімі Бекзат Спанова еліміздің Тәуелсіздігі – кең-байтақ, қазынаға бай-жеріміз, өз ана-тіліміз, Әнұранымыз, Елтаңбамыз бен Туымыз бар өз алдына жеке мемлекеттіз және осы мемлекетті басқарып отырған, халықтың қамын ойлаған Елбасымызбен мақтан етемін десе, «Айгөлек» балабақшасының әдіскері Сандуғаш Шагирова «Тәрбие – тал бесіктен басталады» дей отырып, балабақшадағы балдырған, сәбилерге ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында еліне адал қызмет етіп жүргендігін, №6 орта мектебінің тәлімгері Жанар Әубәкірова да мектептегі «Болашақ» ұйымындағы оқушылармен атқарылатын тәрбие сағаттары мен іс-шараларға тоқталып өтті. Жезді кентінің бас имамы, Жезді аймағы бойынша жастар бөлімінің

меңгерушісі Дәулет Бәркенұлы жастарға арналған осындай іс-шаралар жиі өтіп жатса, ауылдың көркі жастар екендігі, жастардың қоғамдық жұмыстарға белсене қатысса, еліміздің болашағы – жастардың қолында деген ізгі ойын білдірді.

Сыр-сұхбатты ұйымдастырып жүргізуші аға кітапханашы Кәмшат Аманкелдіқызы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың саликалы саясатының арқасында қай салаға болмасын, балаларға, жастарға, зейнеткерлерге барлығына жағдай жасалып жатқандығын, оған дәлелі ретінде Елбасымыздың халыққа Жолдауы, «Дипломмен – ауылға», «Қазақстан-2050» бағдарламасы және «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа бағдарламасына тоқталды. Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы жайлы мұражай қызметкерлері Алтынай Төлегенова, Мөлдір Төлеубек, Қуаныш Елубаева, «Айгөлек» балабақшасының тәрбиешісі Сәуле Көпеева, Мәдениет үйінің қызметкері Айдана Оқап, №6 орта мектебінің әлеуметтік педагогы Бағила Төкеевалар пікірлерін айтып, өз ойларымен бөлісті. Соңында шағын қойылым қойылды. Сыр-сұхбатымызға қатысқан жасы үлкен аналарымыз «Айгөлек» балабақшасында жұмыс істейтін Бейсенкүл Баринова, Марал Смағұловалар мерекеміз құттықтап, жастарға елдің мақтанышы болындар деген тілектерін айтты.

Тәуелсіз елдің жастарының бойынан имандылық пен инабаттылық, қайраттылық пен қайсарлық, сауаттылық пен салауаттылық, білімділік пен біліктілік қасиеттері табылсын! Тәуелсіз елдің ертеңі – жастар, Қазақ елі, Қазақстан Тәуелсіздігіміз мәңгі жасасын!

К.ҚҰСАЙЫНОВА,

Жезді кентіндегі кітапхана қызметкері.

Елім менің аңсаған...

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 23-жыл толуына байланысты №14 Алғабас орта мектебінде де іс-шаралар толығымен орындалды. Желтоқсанның 16 жұлдызында ауылдық Мәдениет үйінде «Жас ұлан» және «Жас қыранға» оқушыларды салтанатты түрде қабылдау үшін салтанатты жиын болып өтті. Салтанатты жиынды мектеп директоры Бақытбек Алтынбеков және тәрбие ісінің меңгерушісі Есенгелді Оразбаев сөз сөйлеп ашып берді.

Содан соң Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Жас ұланның туы енгізілді. Ұланбасы Мейрамкүл Еламан тәрбие ісінің меңгерушісі Есенгелді Оразбаевқа рапорт тапсырды. Келесі кезекте оқушыларды салтанатты түрде «Жас ұлан» және «Жас қыранға» қабылдады. Жас ұлан қатары Аяулым Хамит, Қарлығаш Арын, Аружан Бексейіт, Ералы Бақтияр, Жасұлан Нығметжан секілді оқушылармен толықса, Жас қыран қатарына Нұрсұлтан Хамит, Нұрайым Сабырбай, Диана Қуандық, Аяужан Тоқсан, Береке Батырхан, Арайлым Әділ сынды оқушылармен толықты.

Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының және Жас ұлан туларының сыртқа шығарылуымен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны мен Жас ұлан



әнұранын орындаумен аяқталды.

Салтанатты жиын жабылғаннан кейін «Елім менің аңсаған...» атты тақырыпта 5-6-7-8 сынып оқушыларының дайындаған ашық тәрбие сағаты өтті. Оқушылар ән шырқап, биден шашу шашты. Желтоқсан құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды. Ашық тәрбие сағатын Аяулым Хамит, Қарлығаш Арын, Марал Нығметжан, Ақжол Ескермес сынды мектептің үздік оқушылары жүргізді. «Елім менің аңсаған...» атты тәрбие сағатында Дана Сағат, Аружан Әділ, Аяулым Хамит, Гауһар Шәріп, Қарлығаш Арындар «Өзбек» халқының биімен, Гауһар Шәріп, Қарлығаш Арын «Үнді» халқының биімен, Аяулым Хамит «Бала тілегі» әнімен, Марал Нығметжан «Сарбаздар» әнімен ерекше көзге түсті. Оқушылар тәрбие сағатын «Атамекен» әнімен аяқтады.

Әйгерім ХАМИТ,
№14 Алғабас орта мектебінің
9-сынып оқушысы.

Тәуелсіздіктің төл мерекесі қарсаңында Ж. Жабаев атындағы №15 Қарсақбай орта мектебінде «Мәңгілік ел ұландары» атты тақырыпта салтанатты жиын өтіп, «Жас ұлан» ұйымының қатары тағы да белсенді оқушылармен толықты. Жиын Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылып, оқушылар «Жас ұлан» ұйымына қабылданды. Іс-шараның басты мақсаты – жас жеткіншектердің патриоттық сезімдерін оятып, достыққа, ынтымақтастық пен бірлікке, ұжымдылыққа баулу. Бұл күн оқушылар мәртебесін асқақтатар үлкен мерекеге айналды. Оқушылар Көкбайрағымыздың астында тұрып Отанына қалтқысыз қызмет етуге, «Жас ұлан» ережесін бұлжытпай орындауға ант берді. «Жас ұлан» және «Жас қыран» ұйымына қабылданған оқушыларға туымыз түстес көгілдір галстук пен Тәуелсіздіктің белгісін білдіретін алтын адам бейнеленген төс белгілері табысталып, мектеп директоры А.Кемелбекова құттықтау сөз сөйледі. Ұйым мүшелері ұйымның қатарына өту жауапкершілігінің мол екенін сезіне білді. Ұйым мүшесі мектептің қоғамдық жұмысына белсене араласып және сабақтарын үздік оқып, өз елінің мақтанышы болатын азамат болуына міндеттейтінін сезінді. Салтанатты жиынның жабылу рәсімі «Жас ұланның» Әнұранымен аяқталды.

Жас ұландар болашағы еліміздің, Тәуелсіздік туын көкке шырқаған. Тұр алдында күн шапағы нұр шашып, Екпінде ту, болашаққа адымда, – дей келе «Жас ұлан» ұйымына қабылдануларыңызбен құттықтаймын. Егеменді еліміздің еңселі азаматтары болуларыңызға тілектеспін.

А.ҚАМБАРОВА,

Ж.Жабаев атындағы №15 Қарсақбай орта мектебінің тәлімгері.



Мереке мерейі

«Жас ұлан» мен «Жас қыран» қанат қақты

Тәуелсіздіктің 23 жылдығы мерекесі қарсаңында Жезді кентіндегі аралас мектеп-интернатында жас жеткіншектерді патриоттық сезімге жетелейтін жиын өткізілді.

Қатар түзеіп, тік тұрған жиынға қатысқан оқушылар мен ұстаздар қауымы ҚР-ның Әнұранын қосыла орындап болған соң мектептің тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі Марал Аубаева: –Президентіміз Н.Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XXIII съезінде жаңа буын өкілдерінен еліміздегі жаңа өзгерістерге тайсалмай, серпінді жобалар біріктіретін ұйымдар құру қажеттігін айтқан болатын. Елбасының бастамасымен Республикалық қоғамдық бірлестігі «Жас ұлан», «Жас қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы бұл күндері елімізде қанатын кеңінен жайып келеді – деп бастап, мектебіміздегі аталмыш ұйымдар енді бүгін жаңа жеткіншектермен толықтырылмақшы екендігін айтып, бүгінгі жиынды ашық, –деп жариялады.

Жүргізушілік міндетін атқарушы мектеп мұғалімі Е.В.Ецис осы бір

қуанышты сәтті асыға күтіп тұрған оқушыларды сахнаға шақырды. 2-сыныптан бастап 6-сыныптар аралығында оқитын бір топ жеткіншектен «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдарының ережесіне сәйкес ант беріп, мектеп президенті, 7-сы-

дердің мойындарына көгілдір галстук байлап, омырауларына төсбелгіні салтанатты түрде қадады.

Көгілдір галстукті төсбелгі тағынған жас жеткіншектер бірауыздан қосыла Қазақстан – Нұрсұлтан – «Жас қыран», Қазақстан – Нұрсұлтан – «Жас ұлан», Ел тыныш! Ел аман! Елбасымыз – Нұрсұлтан! – деп ұрандаты. Біраздан соң «ұландықтар» мен «қырандықтар» өздерінің бойтұмарына айналған марш әуендерін шырқай жөнелді. «Жас ұлан қалыспа! Қырандай қарышта» – деген екпінді әндерімен сахна төрінде нық

нып оқушысы Аружан антты қабылдады.

Жасөспірімдер ұйымына мүше болғандарды құттықтаған мектеп директоры Серік Есенғалиев пен оқу ісі бөлімінің меңгерушісі Айгүл Қыдырмановалар мүшелікке енген-

тұрды.

Көңілдері шат, сезімдері мәрт ұйым мүшелерінің патриоттық сезімге толы жүздерін көріп, «Еліміздің ертеңі осылардың қолында болары анық!» – деген ойға кетесің.

Желтоқсанда үзілген жауқазындар

Мерекелік іс-шара «Желтоқсанда үзілген жауқазындар» атты кешке ұласып, Тәуелсіздік үшін күрескен желтоқсандықтардың ерлігі жайлы сахналық көріністерге кезек берілді.

Мектеп сахнасы гүлдерге малынып, алуан түрлі шарлармен әспеттеліпті. Төрте тұрған Қазақ елінің Туы, басқа да Мемлекеттік Рәміздері, қабырғада ілінген желтоқсан құрбандарының портреттері, бәрі-бәрі де тарихымыздың өткен соқпақтарын тайға таңба басқандай паш етіп тұрды. Айдана Жарылқасын азаттық пен еркіндік жолының күрескерлері Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбира туралы жыр-толғаулар бастап кетсе, оны Мәди Мақсұтұлы, Әбубәкір Шәкейұлы сынды оқушылар іле жөнеліп:

Тәуелсіздік мәңгілік сақталсын,
Алдымызда барлық үміт ақталсын.

Тату-тәтті бірлік болып қашанда,
Бейбіт өмір бар халықпен жақталсын!–

деп аяқтады.

Тарихымызда алтын әріптермен жазылған Тәуелсіздік – Тәуелсіз Қазақстанның туған күні болып, мәңгілікке қалды.

Желтоқсан – Кеңестік кеңістіктегі айтулы өзгерістердің бастауы болып, қайтып қалғып бара жатқан қаймана

Талантты жастар жыр кеші

Мерейлі мереке күнінде талантты оқушылар шығармашылығына арналған поэзия кеші өтті. Кештің басты мақсаты – жастардың ана тілін құрметтей отырып, елінің тарихын, халықтың басынан өткенін бағалауға, Тәуелсіздікті құрметтеуге бағытталған іс-шара болатын.

Бұл кешті жүргізген әдебиет пәнінің мұғалімі Қызғалдақ Байжантаева бүгінгі басымызды қосуға себепкер болып отырған поэзия әлеміне жүрек түпкіріндегілерін өлең шумақтарына айналдырып, оны өзгелерге жеткізе алатын жас таланттарымыз бар. Бүгінгі жыр-кешіміз Тәуелсіздігіміздің 23 жылдығына арналады–дей отырып, мазмұнды да мағыналы өлеңдерін бәйгеге қосып отырған мектептегі жас ақындарды сахна төріне шақырды. Әншілігімен танымал 10-сынып оқушысы Ақмаржан Рахимова, күрес спортынан алдына жан сал-

майтын қыз болса, поэзия әлеміне икемділігі бар екендігін осы жолы танытты. «Тәуелсіздік – тұғырым» атты жыр жолдары әп-әдемі, жинақы шыққан дүние екен. Өлең авторы өлеңін оқып беріп, баршаны таң қалдырды. Енді тағы бір оқушы Гүлмира Изажаның туындысы «Қазақстан – ұлы елім!» деп аталады екен. Алғашқы 5 рет қалам тартып отырған жас талант Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін барынша өлең жолдарымен өрнектей біліпті. Қаламын ұштай түссе, талай тамаша өлеңдер жазуға талабы бар екендігі байқалды. Бұл кеште таланттылардың біразы өздерінің шығарған туындыларын оқыса, енді біреулері мәнерлеп оқудың майталманына айналып жатты. Таяуда ғана бишілік өнерімен облыстық «Үміт сәулесі» байқауында жүлделі оралған Жанар Бексұлтан танымал ақындардың өлең-

дерін ашық та, айшықты дауыспен мәнерлеп оқып берсе, сыныптастары Сұңғат Болатбек, Еркебұлан Бошайлар өлеңдерді нәшіне келтіре оқи алды. Поэзия – адамның жан-тәнін баурап алатын рухани азық, көңілbat қазына екендігін түсіген көрермендер талант иелеріне қол соғудан аянып қалмады. Біз де жас таланттарға риза боп қадамдарына нұр жаусын деген тілегімізді білдірдік. Жастарды поэзияға бағыттап, көркемсөзді оқу шеберлігіне баулып жүрген тіл маманы Қызғалдақ Байжантаевадай ұстазға айтар алғысымыз шексіз.

Бұл кеште поэзия әлемінің есігін имене аша бастаған жас таланттар мен өлеңді мәнерлеп оқу шеберлігіне жол тартқан жеткіншектердің бәрі де мектеп ұжымының Алғыс хатын иеленіп жатты.

Мұхтар ДӘУІТОВ.
Жезді кенті.

Тәуелсіздік–бақыт таңы



«№3 Аманкелді орта мектебі» КММ 16 желтоқсан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 23 жылдық мерекесіне орай «Тәуелсіздік—бақыт таңы» тақырыбында «Жас ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен мерекелік кеш болып өтті.

Мақсаты: елін, жерін, тілін құрметтейтін, өз Отанын сүйетін азамат қалыптастыру, от жүректі, өжет мінезді ұл-қыздардың ерлік істеріне мәңгі құрмет көрсетуге баулу. Патриоттық сезім қалыптастыру.

Тәуелсіздік—ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің оркениетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 23 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын откелдерінен аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дидарындағы ең мықты мемлекеттер таңындай, сыйлайтындай деңгейге жеткізген тұңғыш Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашанда айтып өтеміз. Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке деп білеміз, себебі, осынау жүрекжарды қуанышқа толы күнді ата - бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, күтумен өтті.

Мерекелік кеш «Жас ұлан» ұйымының «Жас ұлан» — жарқын болашақ» атты салтанатты жиынымен басталды. «Жас ұлан» бірлестігінің

ұланбасы өз рапортын тапсырды.

«Жас ұлан» ұйымының мүшелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туына қарап сап түзеді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалды.

Салтанатты жиынға «Жас ұлан» ұйымының Туы кіргізілді. «Жас ұлан—жарқын болашақ» атты салтанатты жиында оқуда озат, түрлі өнер байқаулары мен пән олимпиадаларының жеңімпаздары болған оқушылар Аманкелді ауылы бойынша «Жас ұлан» ұйымына салтанатты түрде қабылданды.

«Жас ұлан» ұйымына мүше болуға ынта білдірген оқушылар салтанатты Ант қабылдады. «Жас ұлан» ұйымының мүшелері Қазақстанның Көкбайрағы түстес галстук тақты. Жас ұландарды мектебіміздің директоры Байжантаев Бұхар Тілеуліұлы құттықтады.

Мерекелік кеш мектебіміздің көркемөнерпаздарының шағын концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын деп тілейік.

Қарлыға АЛТАЙҚЫЗЫ,
«№3 Аманкелді орта мектебі» КММ
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

«Мибулақ аруы – 2014»
байқауы өтті

Армысыздар ағайын,
Бармысыздар ағайын,
Ару сынын өткізіп
Жүрекке от жағайық,
Қызын сүймес қай халық
Гүлін сүймес қай халық,
Қызы өссе көркейіп
Гүлі өссе жайқалып – дегендей клуб үйінде өткізілген «Мибулақ

Бас жүлде «Мибулақ аруы – 2014» номинациясын Мұханбедия Жанель жеңіп алып, «параварка» сыйлығын иемденді. Басқа да қатысушы қыздарымыз Ақмоншақ Исмаилова мен Кәусар Текебай «вафельница», Айзат Мұқатай «тефаль шөйнегіне» ие болды. Сай-



аруы – 2014» байқауында бірінші кезекте Әділқазылар алқасы сайланды. Аруларымыз «Қыз елдің көркі», «Ата салтын сақтаған», «Өнерімен тамсандырған», «Бармағынан бал тамған», «Кел билейік», «Көркіне сәні жарасқан» кезеңдер бойынша өз өнерлерін көрермендерге жақсы көрсете білді. Балаларға рухани – адамгершілік тәрбие беруге, шығармашылық қабілеттерін арттырып, көркемдік талғамын дамытады. Бұл сайыс ұлттық әдеп – ғұрыптарды бойжеткендердің бойына сіңіру мақсатында ұйымдастырылып отыр.

ысқа қатысқан барлық қыздарымыз Мақтау қағаздарымен марапатталды. Клуб үйінің меңгерушісі Туғанай Амантаева сайыс арасында өнер көрсеткен әншілерді, барлық қатысушыларды аудандық Мәдениет үйінен бөлінген сыйлықтармен марапаттады. Осындай іс – шараға бағалы сыйлықтар бөлген аудандық Мәдениет үйіне алғыс айтамыз. Алдағы уақытта іс – шаралар клуб үйінде жиі өткізіліп тұруына тілектеспіз.

Самал ВАЗИЕВА,
Мибулақ клуб үйінің әдіскері.

Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуының 550 жылдығы қарсаңында «Ұлытау» қорық-мұражайының қызметкерлері Ұлытау тарихына қатысты құнды материалдар жинақтау мақсатында Ресейдің Омбы қаласына арнайы экспедиция ұйымдастырды.

Құрамында «Ұлытау» қорық мұражай қызметкерлері Б. Қожахметов — директор, А. Искаков — бас қор сақтаушы, М. Абдиқаримов — археология бөлімінің меңгерушісі және Е. Омаров — туризм бөлімінің меңгерушісі. Экспедицияның алғашқы бағыты Қарағанды қаласындағы экономика қараша айының 27 жұлдызында өткізілген Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциядан басталды. Конференцияның пленарлық отырысында 6 баяндама оқылды. Конференцияға арнайы шақырылған «Ұлытау» қорық-мұражайының директоры Б. Қожахметов туризм саласын дамыту мақсатындағы қазіргі таңда жүргізіліп жатқан мұражай жұмыстарының бағыттарына тоқталды. Пленарлық отырыстан кейін туризм кафедрасында «Ұлытау» фото-көрмесі қойылып, дөңгелек

Мәсімов, Елбасының көмекшісі Е.Т. Орынбаев қатысты. Баяндамашылар ҚҰҒҚ жұмыстарының қорытынды



есептерін оқыды. Жиын арасында «Шоқан Уәлихановтың керуендік

Бұйыртыса, Павлодар қаласы арқылы Ресейдің Омбы қаласына аттанбақпыз. Экспедиция мүшелері Павлодар қаласы арқылы Ресейдің шекарасынан өтіп, Омбы қаласына келіп жетті. 1 желтоқсан күні арнайы Омбы қаласының Мемлекеттік тарих мұрағатында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай фотокөрме

қойылды. Фотокөрмеде Ұлытаудың тарихының зерттелуі, оның ішінде архитектуралық

«Ұлылыққа тағзым» экспедициясы

үстелде отырыс өтті. Дөңгелек үстелге кафедра мұғалімдері мен студенттер қатысты. 28 қараша күні экспедиция

жолы бойынша» атты Қашғария нәтижелері жөніндегі және «Ұлытау» экспедициясының нәтижесі ретінде фильмдерін



мүшелері Астана қаласының Назарбаев университетінде Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамының ұйымдастырып отырған ІІ-ші съезіне қатысты. Жиналыс кезінде Ұлытау бірнеше рет аталды (Ұлытау ұлттық паркін құру, Ұлытау экспедициясы, Ұлытау өкілдігі, ұлытаулықтардың ұсынысы жөнінде). Оған себеп болған шілде, тамыз айларында Ұлытауда қорық мұражайдың қатысуымен өткен ғылыми-зерттеу экспедициясы. Пленарлық отырыс өтіп, бес секцияға бөлінді. Ұлытаулықтар бесінші және төртінші секцияларға: «Туризм және саяхат», «Тарихи-мәдени мұра және» қатысты. Қорық мұражай директоры Б. Қожахметов шығып «Алтай-Дунай» экспедициясы туралы егжей-тегжей қатысушыларға айтып беріп, болашақта сол экспедицияның жалғасын қазақстандық ұлттық географиялық қоғамымен бірлесіп өткізуді ұсынды. Қатысушылар біркісідей қолдайтынын білдірді.

Келесі күні съездің екінші бөлімі өтті. Қамқоршылық кеңес мүшелерінен ҚР Премьер-Министрі К.Қ.

тамашалады. «Алаш медиа групп» түсірген фильм керемет екен, барлығымыз Ұлытауда туғанымызға үлкен мақтанышта болдық.



Съезд соңынан Премьер-Министр К. Мәсімов ҚҰҒҚ атқарылған жұмыстарына ризашылығын білдірді және өзінің ұсыныстарын жасады. Соның біреуі биылғы жылы Ұлытауда өткен экспедицияны дәстүрлі жылда өткізу керек екені айтылды. Бұл ұсыныс барлығының көңілінен шықты. Әріптестерімізбен қимай қоштасып, экспедициямызды әрі қарай жалғастырдық.

ескерткіштер, археологиялық қазбалар, ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстары, Терісаққанда өткізілген этнофестиваль және бес бағытта жүргізілген экспедиция жайлы, Елбасының Ұлытаудағы сұхбаты жөнінде мәлімет берілді. Бізді омбылықтар жылы қабылдады. Омбы қаласының Мемлекеттік мұрағатынан XVII-XVIII ғ.ғ. Ұлытаудың тарихына қатысты материалдар қаралып, олардың электрондық нұсқалары алынды. Жолай жергілікті қазақ қоғамымен байланысу мақсатында Омбыдағы Қазақстанның консулы Кунаев Эльдар Аскарұлы және вице-консул Абдыбеков Ұлан Нұрланұлымен кездесті. Жергілікті қазақ газет қызметкері Жанатпен кездесіп, электрондық түрде Ұлытау жөнінде 10 түрлі мақала суреттерімен берілді. Омбы облысында ресми деректер бойынша 82 мың, қоғам ұйымдарының есебі бойынша 100 мыңдай қазақ тұрады. Омбы — қазақ тарихи мекені, мұнда Ш. Уәлиханов Кадет корпусында білім алған, Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаевтар қызмет еткен. Омбыда қазақтың ардақтылары Мағжан Жұмабаев пен Шоқан Уәлихановқа орнатылған ескерткіш бар. Біз Омбыдағы «Мөлдір» қазақ мәдени орталығының төрайымы Алтынай Жүнісөвамен кездесіп, Сібір қазақтарының жұмыстарымен таныстық. Жұмыстарымызды ойдағыдай аяқтап, кеш бата Петропавл қаласына жолға шықтық.

Ерлан ОМАРОВ, экспедиция мүшесі, туризм бөлімінің меңгерушісі (Мәлімет Е. Омаровтың күнделігінен алынған).

«ІЗГІЛІК ІЗІМЕН»

немесе жылы жүрекке толы қайырымдылық кеші

Альмира МАКСҰТҚЫЗЫ

Үлкен байлықпен адамға үлкен қайырым бітпейді, керісінше, үлкен қайырымдылық жинаған байлығыңды абыройлы етеді. «Әдемілік түріңнен көрінеді, қайырымдылық ісіңнен көрінеді» деп жатады дана халқымыз. Сондықтан әдемілік сияқты емес, қайырымдылық өзін дәлелдеуді қажет етеді. Қолыңдағы барымен көпшілікпен бөлісіп, тағдырдың тауқыметімен ғаріп күн кешкендердің алғысына бөленуден шексіз ләззат алып, қайырымдылық жасап жүрген жандар аз емес біздің ортамызда.

Жуырда аудандық Мәдениет үйінде «Ұлытау ауданының әкімдігі», Ұлытау ауданының Іскер әйелдер қауымдастығының ұйымдастыруымен, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында «Ізгілік ізімен» атты қайырымдылық кеші өтті.

төмен, қамқорлыққа мұқтаж жандардың өмірі көрермен назарына ұсынылды. Жезді кентінен Махановтар, Шеңберден Мусиндер, Ұлытау селосынан Байболовтар, Аманкелді селосынан Қаражорғиндер, қарсақбайлық Әлжановтар отбасы берекелі әулет ретінде, жас отбасылар үлгі алу үшін, бірлі-



Қайырымдылық кештің негізгі мақсаты — ата-бабаларымыздан мирас болған ұлттық құндылықтарды насихаттау, тамырын тереңге жайған өнегелі отбасылардың артында өсіп-өніп келе жатқан жас отбасыларға өнеге көрсету, қоғамның назарынан тыс қалған, әлеу-

гі жарасқан мерекелі, берекелі жанұялардың санын арттыру мақсатында көрсетілді. Осы отбасылар ауданның Іскер әйелдер қауымдастығының бастамасымен аманкелділік аз қамтылған Сәрсеновтер отбасына, Ұлытау селосынан мүмкіндігі шектеулі бала Сан-



меттік жағдайы төмен, мүгедек балаларға көмек көрсету, әрі әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандарға көмектесудің маңыздылығын халыққа жеткізу. Жесірін қаңғытпай, жетімін жылатпаған халықпыз. Шама-сы келсе, шартараптың бәріне көмек қолын ұсынардай кең жүрек бар біздің халықта. Қолыңдағы бір таба нанының жартысын бөліп берген қазақ деген жомарт ұлттың ұрпағы емеспіз бе?! Бұл қайырымдылық кеші соны дәлелдегендей болды. Аудандық Мәдениет үйіне халық көп жиналды. Іскер әйелдер қауымдастығы мүшелерінің дайындаған бейнероликтері көпшіліктің көңілінен ерекше орын алды. Кештің жүру тәртібі бойынша алдымен тамырын кеңге жайған, өз ісінің үздігі болған берекелі отбасылар жайлы роликтер көрсетілді. Одан кейін әлеуметтік жағдайы

сызбай Аружанға, мүгедектер арбасына танылғанына 20 жыл уақыт болған Елеусізова Гүлназға, қарсақбайлық аз қамтылған отбасы Ибраевтарға, шеңберлік Ибаділдин Алдиярға бағалы сыйлықтар табыс етті. Сонымен қатар, аудан әкімдігі тарапынан аз қамтылған отбасыларға біржолғы жәрдемақы берілді. Қайырымдылық кеші аудан өнерпаздарының ән шашуына ұласты.

«Қайырымдылық жаса-саң, қайырын көресің» деген дана сөздің астарында үлкен ой, үлкен тәрбие жатыр. Бүгінгі дені сау, көңілі шаттыққа толы жанның ертеңі не болары Аллаға ғана ақиқат. Өзгенің қайғысы мен қиындығына бейжай қарамайтын, дархан көңіл, кең жүректі, жомарт жандар ортамызда көп болғай демекпіз!

«ҚҰТТЫ БОЛСЫН 80 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕҢ!»

Альмира МАКСҰТҚЫЗЫ

**Қарт Ұлытаудың баурайында орналасқан
білімнің қараңғырағына айналған, талай қыранды
қанаттандырып, талай ұларды ұясынан ұшырған аяулы
білім ордасы — №1 Ұлытау орта мектебіне биыл 80 жыл.**

Жуырда аудандық Мәдениет үйінде №1 Ұлытау орта мектебінің 80 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын өтті. Жиынға аудан әкімі Хамит Нұрланұлы, мекеме басшылары, аудан қонақтары, ұстаздар қауымы мен оқушылар қатысты.

80 жылдық тарихы бар киелі білім ордасының табалдырығынан қаншама шәкірт «тарыдай болып аттап, таудай болып» түлеп ұшты. Ең алғаш мектептің табалдырығын имене аттаған әрбір оқушының қолына әліппе ұстатып, әрқайсысының алдына мақсат қоя білетін оқушы атандырып, болашағына жол ашқан, қияға қанат қақтырған ордалы мектептің тарихы да бай. Таудан ұлылықты, «Тасбұлақтан» тазалықты, даладан кеңдікті үйренген ұлытаулық балалар алғаш рет 1934 жылы бұл мектептің табалдырығын аттайды. Жергілікті балалардың сауат ашуы үшін жаңа мектептің салынуына ерекше еңбек еткен Тройцк қаласынан білім алып келген

біліктілігімен мектеп өміріне жаңа серпін, жаңа дем берді. №1 Ұлытау орта мектебінде Қазақ ССР-нің «Оқу-ағарту үздігі» белгісімен марапатталған ұстаздар аз емес. Олар: Далабаев Нариман, Ерғалиев Барақбай, Ерішова Ғайнура, Қаленова



Тұрсын, Жүнісова Далапыраз, Бегаева Бибіажар, Қарабаева Гүлбараш, Қожақбаева



жас ұстаз Сейтжан Смайлов еді. Алғашқы директор да сол кісі. 1934 жылы шаңырағын көтерген білім ордасы 1937-1945 жылдары жетіжылдық мектеп болды. Сұрапыл соғыс жылдарында жұмысын тоқтатпаған №1 мектеп 1946-1948 жылдары сегізжылдық болған. 1948 жылы жалпы білім беретін орта мектеп атанады. 1956 жылы №1 Ұлытау орта мектебіне Алматыдан 8 жоғары білімді ұстаздар келеді. Домбаев Мәрден, Кабдіров Болат, Кабден Сейтқали, Кабдірова Асия, Смайлов Шабаз, Кеңгірбаев Тимофей, Бөрібаев Рүстем сынды мұғалімдер білім берудегі

Мария, Бердалина Зекен, Томпаева Мариямкүл, Бегаева Гүлнәр, Бөрібаев Рүстем, Көбеева Нүрия, Сейтжанова



Жеңіскүл, Омарова Күлтай, Абсалықов Секен. «СССР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған ұстаздар — Далабаев Нариман, Ерғалиев Барақбай.

«Аға оқытушы» атағымен марапатталған ұстаздар Кариева Нүркеш, Жүнісова Далапыраз, Жүндібаева Жеңіс.

«Еңбектегі ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған ұстаздар Усманова Сония, Ерішова Ғайнура, Бегаева Гүлнәр, Бердалина Зекен.

№1 Ұлытау орта мектебінде білім алып, еліміздің мақтанышы болған мектеп түлектері қаншама?! Олар: Камал Смайлов, Төрегелді Шарманов, Бауыржан Нөкербеков, Батырбек Мырзабеков және тағы басқалары қазіргі таңда ұлт ұясы Ұлытауды республикалық, әлемдік деңгейде танытуда.

№1 Ұлытау орта мектебін ең алғаш алтын медальмен аяқтаған Құттыбек апай, ал ең алғаш күміс медаль алған Бекеш Ахметов. №1 Ұлытау орта мектебін «Алтын медальмен» бітірген түлектер: Қабыланбек Ерзақов, Гүлмира Байбосынова, Қарлығаш Шынбергеннова. Осындай білімімен жоғарыдан көрінген аға-апаларының ізін жалғап, Ұлттық Біріңғай Тестілеуде үздік көрінген, «Алтын белгі» медалімен марапатталған оқушылар: Альмира Оспан, Асқарбек Қазанғап, Фариза Мұқанова, Ардақ Таймағанбет, Ақерке Андағұл, Гүлім Төлегенова, Дана Шакарман, Айжан Сабыржан,

Нұрсұлтан Төлеу, Асхат Сұлтаня, Құндыз Шымберген, Сымбат Сәлім, Мағжан Тұрсын, Саясат Ибраева, Ботагөз Айдан, Максим Тен. Бүгінде бұл түлектер еліміздің және шетелдердің



жоғарғы оқу орындарында білім алып, мемлекетіміздің дамуына, өркендеуіне өзіндік үлестерін қосып жүр.

Қазіргі таңда №1 мектепте 462 оқушы білім алып жүр. Оларға өздерінің күш-жігерін аямай оқу мен тәрбиені саналарына қатар құйып жүрген ұстаздар саны 63. Олардың 7-уі жоғарғы санатты, 29-ы 1-санатты және 14-і 2-санатты мұғалімдер. Мектепке дейінгі бүлдіршіндерге арналған шағын орталық, салауатты өмір салтын сақтауға арналған

спорт залы мен мектеп жанындағы үлкен жабық футбол алаңы, оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ететін асхана жұмыс істеп тұр.

Жыл сайынғы аудандық, облыстық пән олимпиадалары, түлектердің шынайы сыналатын емтиханы — Ұлттық Біріңғай Тестілеу және әртүрлі оқу-жаттығулардың жоғары нәтижесі ордалы алтын ұяның ауыр жүкті көтере алатындығымен қойылған міндеттерді дер кезінде орындай білетінінің айғағы.

Салтанатты жиын барысында аудан әкімі Хамит Нұрланұлы ұлытаулықтарды №1 мектептің торқалы тойымен құттықтап, ұстаздар қауымын аудан әкімінің Алғыс хатымен марапаттады. Аудан әкімдігі атынан №1 мектеп ұжымына бағалы сый тарту етті.

№1 мектепте қызмет етіп, ұлытаулық өрендердің білімі мен тәрбиесі жолында аянбай еңбек еткен зейнеткер ұстаздарға жиын барысында ерекше құрмет көрсетілді. Қарт ұстаздар атынан талай жыл жас ұрпақ тәрбиесі мен біліміне жауапты мекемелерде басшылық еткен Шабаз Жүнісбекұлы, Орынбек Бұхарбайұлы және Шариға Сағадияқызы сөз алды. Қарт ұстаздардың ақ тілегі мен естелік әңгімелерінен соң аудан орталығында орналасқан алтын ұяда қызмет жасап, бақилық болған ұстаздарды көпшілік бір минуттық үнсіздікпен еске алды.

№1 мектептің бүгінгі тынысы жайлы білім ордасының қазіргі басшысы Ғалымжан Ерғалиев баяндама жасады. Баяндамадан соң аудан аумағында орналасқан басқа 18 мектептің директорлары сахна төріне шығып, әріптестерін 80 жылдық атаулы мерекемен құттықтады. Салтанатты жиын оқушылар мен ұстаздар қауымының бірлесіп дайындаған концерттік бағдарламасына ұласты.

Төрт құбыласы сай №1 Ұлытау орта мектебінің жетер жеңісі мен асар асуы әлі алда. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, патриоттық рухта бағыт-бағдар беруді басты мақсат етіп ұстанған бұл мектептің болашағы жарқын болғай! Жас ұрпақтың жан дүниесіне, өздеріңіз сепкен ізгілік нұрының шуағына бөлене беріңіздер, аяулы ұстаздар! Мерейтой құтты болсын!

Суреттерді түсірген автор.

СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ БІРЫҢҒАЙ ТІЗІЛІМІ–ЖАҢА ЗАҢДЫЛЫҚТАҒЫ ӨЗГЕРІС

2014 жылдың шілде айының үш және төрт күні Елбасымен жаңа Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу Кодекстеріне қол қойылды. Жаңа Кодекстер 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі. Қылмыстық сот өндірісінің жаңа моделі халықаралық стандарттарға сәйкес азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын барынша қорғауға бағытталған. Келесі жылдан бастап, қылмыстар туралы арыздар мен хабарламалар тіркелгеннен кейін тежеусіз қылмыстық істі тергеу басталады. Тиісінше, осы уақыттан бастап іс бойынша барлық заттай дәлелдемелерді жинайды және олардың процессуальдық рәсімдеуі жасалады.

Үстіміздегі жылдың қыркүйек айының 19-шы жұлдызында Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының №89 бұйрығымен «Қылмыстық құқықбұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу туралы Қағидасы» бекітілді. Негізгі жаңалықтың бірі–сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін (СДТБТ) жүргізу болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін тіркеу тергеудің басталғанын білдіреді. Қылмыстық құқықбұзушылық туралы арызды, хабарды және ақпаратты қабылдау мен тіркеудің ретін анықтау, сонымен қатар қылмыстық процессуальды Кодексімен СДТБТ жүргізу Бас прокуратураға жүктелген.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі - бұл қабылданған процесстік шешімдердің, жүргізілген әрекеттердің, қылмыстық іс жүргізудің жылжуы, қылмыстық процестің арыз иелері мен қатысушылары, сонымен бірге ҚР ҚПК 71-бабына сәйкес жәбірленуші деп танылғандар, тергеу тексерісі барысына дейінгі алынған заттық айғақтар туралы мәліметтер енетін автоматтандырылған деректер базасы. Ақпарат тіркелгенде, қылмыстық іс тергелгенде, қандай да тергеу әрекеттері жасалғанда және процессуальдық шешімдер қабылданғанда электронды нысан толтырылады. Сақтаған кезде автоматты түрде сәйкесті тасымалдаушыдағы қызметкердің электронды цифрлық қолтаңбасы қойылады. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, электрондық цифрлық қолтаңба қол қоюшы тұлғаның қолтаңбасына теле-тең және өзінің құзыретімен олармен шығарылатын электрондық құжаттың дұрыстығында лауазымды тұлғамен қолданылады. СДТБТ тіркеу мен жүргізу процесі қазіргі тергеу ретіне ұқсас, бірақ та өзгешеліктері де бар. Сотқа дейінгі тергеудің басталуына қылмыстық құқықбұзушылықтың белгілерін көрсететін жеткілікті мәліметтер себеп болып табылады. Жаңа ҚПК 179 және 180-баптарымен СДТБТ тіркеуге 4 арыздар мен хабарламалар ғана сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері болып (арыз, кінәсін мойындап келу, қызметкердің қылмыстық құқықбұзушылық туралы рапорты) табылады. Бірақ, хабарлардың басқа түрлері, соның ішінде «102» немесе басқа да шұғыл байланыс каналдары арқылы (101, 112 және т.б.) хабарлар жаңа ҚПК СДТБТ тіркеуге мүмкіндік бермейді. Соған байланысты, қазіргі әрекет ететін ӘАЕК ұқсас қылмыстық құдалау органдарының кезекші бөлімдерімен, немесе кезекші бөлімдер қарастырылмаған органдарда (Прокуратура органдары, Қорғаныс министрлігі) мұндай ақпараттарды қабылдауға жауапты тұлғалармен барлық

келіп түскен арыздар, хабарлар, ақпараттарды қабылдаудың жалпы тәртібімен Ақпаратты есепке алу кітабы қолданылады. Бұл келіп түскен ақпаратты тіркеу жолымен қылмыстық құқықбұзушылық белгісі жоғына филтрация жасауға мүмкіндік береді. Ақпаратты есепке алу кітабы автоматтандырылған мәліметтер базасы СДТБТ-мен өзара байланысты және мәні бойынша біртұтасты құрастырады. Яғни, алғашқы тіркеуді жасап, материалдың шешілуінің келесі процестерін немесе сот үкіміне дейінгі қылмыстық істің тергелуін бақылауға болады.

Қылмыстық құқықбұзушылық туралы арызбен, хабармен тікелей жүгінген арыз иесіне нысан бойынша бірегей нөмірі бар талон-хабарламасы беріледі. Ол бойынша порталда интернет ресурстарын пайдаланып немесе оның артқы жағында көрсетілген телефон нөмірлері бойынша өзінің арызының одан әрі жағдайын бақылай алады. Қазіргі ӘАЕК жасалғандай жүйеде ОЖБ қабылданатын телефон қоңыраулары автоматты түрде кезекші бөлімге берілетіндей және ақпараттық есепке алу кітабына енгізілетіндей функционал жүзеге асырылатын болады. АЕК тіркелген ақпарат, арыздар мен хабарлар 24 сағатта қарастырылады. Яғни, осы уақытта тексеру тапсырылған қызметкер оның не әкімшілік құқық бұзушылық, не тәртіптік теріс қылық екенін, ақпарат қандай да бір құқықбұзушылық туралы мәліметі жоқ ретінде номенклатуралық іске жатқызылуын немесе арызды салық органдарына тексеру үшін жолдауын шешуі керек. Кезекші бөлім арызды қабылдағаннан кейін, талон береді және ақпаратты есепке алу кітабына мәліметті енгізеді, барлық материалдар тез арада жауапты тергеу немесе анықтау басшысына береді. Ол келіп түскен материалдарды қарап, оны СДТБТ тіркеу немесе басқа да шаралар қабылдау туралы шешім қабылдайды. СДТБТ тіркеу жағдайында ол материалды нақты тергеушіге немесе анықтаушыға тіркеу үшін береді. Қолайлылық пен жеделділік үшін СДТБТ тіркелген ақпарат бойынша тергеу сұрағына жетекшілік ететін орынбасар немесе тергеу немесе анықтау бөлімшесінің басшысы нақты бір материалды таңдап алып, оған байланысты бөлімдегі нақты тергеушіге пернені басу арқылы тергеуді тапсыруға жүйеде функционал жүзеге асырылады. Бұл әрекет автоматты түрде тіркеледі. Тергеу ісі тапсырылған тергеуші жекелеген реквизииттерді таңдай отыра, істі өндіріске қабылдайды және тергеу жүргізеді. Электронды цифрлық қолтаңба бойынша жүйеге кіру жүйедегі шешімнің немесе жасалған әрекеттің заңдылығын дәлелдейді. СДТБТ базасына процесстік шешімдер қабылдануымен бір мезгілде оның оған енгізілуінің (енгізу кезіндегі мерзім - тез арада, ал басқа да шешімдерде - процесстік шешім қабылданған мезеттен -24 сағат) СДТБТ жүргізілу реті қарастырылған. СДТБТ базасына мәліметтерді енгізу шешімі қабылдаған лауазымды тұлғамен әр қылмыстық іс бойынша әр әрекет пен шешімге, электронды цифрлық қолтаңба қойылатын, уәкілетті органға мемлекеттік органдардың транспорттық ортасы арқылы берілетін бекітілген үлгідегі нысанды – электронды ақпараттық есепке алу құжаттарының сәйкесті

реквизиттерін толтыру. Қылмыстық өндіріс бойынша ӘЦҚ-мен әрекеттер расталғаннан кейін, автоматты түрде тіркеу нөмірі беріледі. Өндіріске істі қабылдаған кезде тергеуші мәліметтердің толық тізімін енгізеді, онда ол іс-әрекеттің саралануын, оның жасалуы жағдайларын, қылмыстық іс-әрекетті жасаған тұлғаның жай күйін, жасау кезіндегі оның жасын, қылмысты қайта жасауын және т.б. нақтылайды. Бірақ та жариялауға жатпайтын құпия өндіріс тәртібінде тергелетін қылмыстық құқықбұзушылық туралы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді СДТБТ-ға тіркеу кезінде мәліметтер нысанда толтырылмайды. «Қылмыстық құқықбұзушылық сипаттамасы» деректемесінде «құпия өндіріс» жазуы жазылады. Сотқа дейінгі тергеу шеңберінде жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында СДТБТ-ға тіркеу кезінде арыз берушінің лақап атын көрсетуге және «қылмыс/теріс қылық сипаттамасы» деректемесін толтырмауға жол беріледі. Құпиялылықты қамтамасыз ету қажеттілігі жойылғаннан кейін, жоғарыда көрсетілген мәліметтерге дереу редакциялау жүргізіледі. Осыған ұқсас, келесі шешім қабылдаған кезде тергеуші сәйкесті мәліметтерді СДТБТ енгізуі қажет. Келешекте СДТБТ соттың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланады. Соның нәтижесінде жүйеде тергеудің басынан бастап, оның сотпен қарастырылуына дейінгі мәліметтер болады.

Жоғарыда айтылғандай, қазіргі кездегідей электрондық статкарталарды толтыру сияқты, негізінде барлық қажетті мәліметтерді енгізу электронды нысандарды толтыру жолымен жүзеге асады. Соған байланысты СДТБТ базасына есепке алу құжаттарын енгізу процесі қиындықтар тудырмайды деп болжалады. Мәліметтер енгізіліп сақталғаннан соң, олар негізгі мәліметтер базасына беріліп, баршаңызға таныс статистикалық есептілік қалыптасатын ББСЖ статистикалық жүйесіне түседі. СДТБТ тіркелгенге дейін мәліметтер кезекші бөлімдермен және басқа да қызметкерлермен ол ақпараттар бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту немесе іске шығару туралы, тағы да басқа шешімдер қабылданған жағдайда ақпараттарды есепке алу кітабына тіркеледі. СДТБТ тіркелгеннен кейін, барлық электрондық нысандар тек қана тергеушімен, анықтаушымен, прокурормен толтырылады. Нысандарға процессуальдық шешім қабылдаған тұлғаның электронды цифрлық қолтаңбасы, сонымен қатар ведомстволық бақылау үшін тергеу немесе анықтау бөлімшесінің басшысының электрондық қолы қойылады.

Прокурор өзі процессуалды шешім қабылдаған жағдайда ғана, сонымен қатар, аумақтық тиесілігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруге берілгенде электронды цифрлық қолтаңба пайдаланады. ҚІЖК 186-бабына сәйкес беру прокурор арқылы жүзеге асырылады, тергеу мерзімі прокурормен ұзартылады.

Б. БЕГАЕВ,
ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша Басқармасының Ұлытау ауданы бойынша прокуроры.

Прокуратура ескертеді!

Құқыққа қарсы бейнематериалдардан сақтаныңыздар!

2014 жылдың 22 қарашасынан бастап ғаламторда «Состя-зайтесь в благих делах» атты бейнеролик таратыла бастады. Аталған бейнероликте Сирия аумағындағы әскери қақтығыстарда лаңкестердің жағында соғысып жүрген қазақстандық азаматтар туралы көрсетілген. Аталған бейнероликті қарау барысында экстремизм немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға бағытталғаны анықталды.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі №451 «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының 2-бабының 3-бөлігіне сәйкес, экстремизм немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға тыйым салынған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №416-І «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында терроризмді насихаттауға тыйым салынады. Осыларға байланысты Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасымен Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі №567 «Байланыс туралы» Заңының 41-1-бабының негізінде, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетіне интернет-ресурстардағы аталған бейнероликке байланыс желісінің және (немесе) құралдарының жұмысын уақытша тоқтата тұру туралы және сот арқылы оны заңсыз деп танып, Қазақстан аумағында таратылуға тыйым салуға ұйғарым енгізілді. Уәкілетті органмен аталған прокурорлық пайымдау актісін орындау мақсатында іс-шаралар жүргізілуде. Алайда, солай бола тұра жекелеген заңды және тұлғалар бұқаралық ақпараттар құралдары байланыс желілері мен құралдарын пайдаланып, аталмыш құқыққа қарсы бейне материалды таратуда.

Осыған байланысты, құқықтық зардаптарға ұрынбау мақсатында, Ұлытау ауданының прокуратурасы жоғарыда көрсетілген заң нормаларын қатаң сақтау қажеттілігін ескертіп, аталған бейнероликті немесе оның жекелеген үзінділерін таратудан ұстануды сұрайды.

Ұлытау ауданының прокуратурасы.

Сот залынан

Кінәлі әкімшілік жазаға тартылды

Қылмыс атаулының барлығы дерлік ішімдік ішкен кезде жасалатынын статистикалық деректер көрсетіп отыр. Арақ ішіп, мас болған адам өзін бақылаудан айырылады. Қоғамдық орындарда, көшеде, тіпті өз үйінде былапыт сөйлеуге, балағаттауға, өзгелердің мазасын алуға жол береді. Осындай ішімдік ішуден басталатын жағымсыз қылықтардың соңы жазықтыны сот залынан бір-ақ шығарады. Бұл сөзімізге ағымдағы жылы қараша айының екінші онкүндігінде аудандық сотта қаралған екі іс дәлел.

17 қараша 2014 жылы Ұлытау аудандық сотымен Қ.Б.-ға қатысты ҚР-ның Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 79-5-бабының 2-бөлігімен әкімшілік іс қаралды. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 79-5-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жазаға тартылған Қ.Б. бір жыл ішінде тағы да қайталап, яғни 2014 жылы қараша айының 14-і күні, сағат 15-тер шамасында, Ұлытау ауданы, Шеңбер селосы, Комсомол көшесінде орналасқан үйіне алкогольді мас күйінде барып, жәбірленушілер анасы С.А.-ға және туған қарындасы О.Б.-ға сыйламаушылық білдіріп, былапыт сөйлеп, балағаттап, олардың тыныштығын бұзған. Сот мәжілісінде Қ.Б. өзінің кінәсін толық мойындап, қараша айының 14-і күні өзінің туған анасы мен қарындасына тіл зәбірін тигізгенін айтып көрсетті.

Жәбірленуші О.Б. анасының үйіне, яғни Шеңбер селосына қонаққа барғанда, ағасы Қ.Б. арақ ішкен мас күйінде анасын балағаттағанын және үйдің терезелерін сындырып тастағанын, онымен қоса келіні мен інісіне, үйдегі кісілерге тіл тигізгенін көрсетті.

Көрсетілген дәлелдемелер

Қ.Б.-ның кінәсін толық бекітіп, Қ.Б. ҚР-ның Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 79-5-бабының 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 15 (он бес) тәулік әкімшілік қамғау алу жазасы тағайындалды.

xxx

20 қараша 2014 жылы Ұлытау аудандық сотымен О.С.-ға қатысты ҚР-ның Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 79-5-бабының 2-бөлігімен әкімшілік іс қаралды. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 79-5-бабының 2-бөлігімен әкімшілік жаза тағайындалған құқық бұзушы О.С. бір жыл ішінде тағы да қайталап, 31.10.2014 жылы Ұлытау селосы, Асатов көшесінде орналасқан өз үйінде алкогольді мас күйінде қарындасы И.Г.-нің тыныштығын бұзып, сыйламаушылық білдіріп, былапыт сөйлеп, қылмыстық жаза қолданылмайтын іс-әрекеттер жасаған.

Жәбірленуші И.Г. ағасы О.С. мас болып, өзінің тыныштығын алғанын, қазіргі уақытта онымен татуласқанын, істі қысқартуды сұрайтынын айтып, сотқа жазбаша өтініш берген. Сотта О.С. кінәсін мойындап, жоғарыда көрсетілген фактілерді бекітіп, қазіргі уақытта жәбірленушіден кешірім сұрап, татуласқанын, істі қысқартуға қарсы емес екендігін көрсетті. Осы мән-жайлардың негізінде және ҚР-ның Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 651-бабын басшылыққа алып, судья ҚР-ның Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 79-5-бабының 2-бөлігімен, О.С.-ға қарсы қозғалған әкімшілік құқықбұзушылық істі өндірісінен тоқтатып, қысқартты.

Осылайша анасы мен бауырын балағаттап, үйінің берекесін алған азамат тиісті жазасын алды.

Ұлытау аудандық сотының баспасөз қызметі.

Имандылық иірімі

Өткен жылы Қазақстан Мұсылмандар одағы Діни басқармасының (ҚМДБ) төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы «Дін мен дәстүр» туралы жазылған кітабы жарық көрді. Ондағы құндылықтарды діни ақпарат құралдары: «Иман» журналы, «Ислам өркениет» газеті, Ұлттық телеарна «Иман айнасы» бағдарламасынан және мешіттерде мешіт имамдары да уағыздар айтып, халыққа жалпы, мұсылман қауымына жеткізіп жатты.

2014 жылды «Дін мен дәстүр» жылы, деп жариялады. Міне, сол оқып тыңдағандарымыздан не ұқтық, не түсіндік? Оған қандай бетбұрыс жасадық? Осы туралы қоғамның мүшесі, мұсылманның бірі ретінде өз ойымды ортаға салсам деген ниетте едім.

Бұл қиын да күрделі де және мәні мен мағынасы зор тақырыпқа қалам тербеудің өзі қиын екені белгілі. Сонда да, ел арасында ата-дінімізбен, салт-дәстүрлеріміздің құндылықтарын түсіне білмейтін кейбіреулердің көбіміздің іс-әрекеттерімізден туындаған ой еді. Әуелі бұл тақырыпқа кіріспеден бұрын өзімнен бастасам. Мен бұл саланың маманы болмасам да көп мұсылманның бірімін деп ішімнен «кәлимаға» тілімді келтіріп, сыртымнан Құран аяттарын жаттап, қажет болған жерлерде біркісідей-ақ оқи да аламын. Жас кезімнен, яғни аржағымнан «Құдайдың құлымын, Мұханбеттің үмбетімін» деген ұғым

жылған еңбегін дін өкілдерімен саясаттанушылар өз ойларын ортаға салып, бұл Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясына қосылған бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ және діни тарапынан – имандылық, татулық, шыдамдылық, тәуелсіздік. Мұның бәрі айналып келгенде, болашақ «Мәңгілік елдің» рухани азығы болмақ – делінген.

2014 жылды «Дін мен дәстүр жылы» деп жарияланды дедік. Ол үшін әуелі мынадан бастасам. Қазақ атам – үй болу үшін, әуелі бесігінді түзе деген екен. Оған дінімізбен әріден ата-бабамыздан қалыптасып келе жатқан ата-дініміз бен салт-дәстүрімізді мықтап ұстауымыз қажет делік. Ал, қазір осы ұстанымды қадір тұтып, ұстап тұрмыз ба? Бұл

дәстүріміздің құндылықтарының бірі – өлік жөнелту еді. Оның өзін науқандық тойға айналдырып жіберген жоқпыз ба? Арамыздағы имам-молдалар және дініміздің ішіндегі басқа да ағымдар, шариғатта әуелі мәйітті жерлеу керек десе, біз оны екі-үш күн ұстап, той өткізетіндей ас-мәзірімізді дайындаймыз. Оған семіз жылқы сойылуы міндет. Дастарқан да бөсеке. Жағдайы келе ме, келмей ме, онда ешкімнің шаруасы жоқ. Ол жерде танитын да, танымайтын да адамдар келеді. Сыймасақ тамаққа кезекте тұрамыз. Қырқы да, жылы да солай. Сонда жыл бойы шұбырған адам. Егер оған бара алмай қалсақ, ол бір қатардан қалып қойған адам сияқты болып көрінесің. Сол үшін ол да қалмауға тырысады және көрінуі, көбісі әңгіме-дүкен құру үшін де жиналады. Міне, сыйқымыз осылай болып бара жатыр. Енді мұны ешкім ретке келтіре алмайтын шығар.

та жаны болғай, кешегі Қызыл империяның қыспағына түсіп қуғындалса да ұлтымыздың діні мен салт-дәстүрін берік ұстап бізге жеткізген (әруақтары разы болсын), мен білетін сол молдалардың аттарын атап өтейін, олар: Сары молда, Көпей молда, Шәкей, Сейткен қажы, Әбей, Батан қожа, Бірзаданың Сақыбы, Әбілда, Оспан молда, Мәлім қожаның ұрпақтары Достәуір, Батан, Мағзұм, Талғат молда, Қара молда, Сейдіәділ, Досмағанбет, Лижамәедин, Қожа, Қазы ишан, Сейітқазы, т.б. бар.

Жоғарыда айтылғандай,

Міне сиқымыз. Сен мұны айтып жазатындай кім едің, десеңіздер, оған да ренжімеймін. Ал, ағайын, мен көргенімді айттым, білгенімді жаздым. Бұл жерде нені ұқтық, нені ұмыттық, біреуіміз «иә» дерміз, біреуіміз «жоқ, болмайды» дерміз. Кешегі уақыт басқаша, бүгін ортамызда Алланың үйі мешіт тұр. Ол – ата дініміздің діңгегі. Әрқайсымыз жеке-жеке шешім қабылдамай, дініміз бен салт-дәстүрімізге байланысты іс-шараларды осы мешіт арқылы жасасақ қалай болар еді. Қазіргі істеп жүргенімізді біреуіміз көтерсек, біреуіміздің отбасы көтермейді.



Осы біз «Дін мен дәстүр туралы»

не білеміз?

қалыптасқан. Бұл ұғым жасың үлкейіп, уақыт өткен сайын аздық жасап, өріге тереңге үңілгің келеді екен. Бүгіндері Тәуелсіз ел болып, егемендігімізді алғанда дініміз бен дәстүрімізге бетбұрған заманда кешегі кемшіліктеріміз бен олқылықтардың орнын толтыруға өз-өзіңді сырттай дайындауға тура келеді екен. Оған Мұқағалидың мына бір өлең жолдары да себепші болғандай, – күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіңе қайтарайын–деп, сол айтқандай кешегі ұмыт болған дініміз, енді шекпен жабылып өзімізге қайтарымында еді. Кешегі орта буын, бүгіндері кейінгі буындарға жататын 1969-70 жылдардағы бітірген ауылшаруашылық мамандары, оның ішінде, ғалым-зоотехник, ғалым-агрономдар, яғни жоғарғы білікті биологтар дайындағанда біздерді Чарльз Дарвин, Мичурин, академиктер Лысенко, Вишневскийлердің ілімдерімен сусындатты. Олардың құдаймен ісі болған жоқ. Олар өздерін құдайдан жоғары санап, адам маймылдан жаратылды, жер бетіндегі тіршілік әлемін табиғат жаратты–деді. Ал, табиғатты кім жаратты? дегенде, парадокс (тұйық), оның аржағында жауап жоқ. Ал, енді ол ұғымдар бүгіндері басқаша бәрін Жаратушы бір Алла–дейміз. Мұны айтатын жалғыз біздің дәстүрлі мұсылман дініміз емес, басқа діндер де солай ұстанып, солай түсінеді. Ал, енді мен, осы Алланың бергенін әр адам өз игілігіне жарата білу керек–деймін. Ол үшін, ілім мен білім, ең бастысы еңбек қажет дер едім.

Атақты Шығыстың ғұламасы Рудакидің мына бір өсиетін кіргізе кетсем: –Өмір-өзен онда жүзем демеңіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз – деген сөзі қай қоғамға болса да қажет. ҚМДБ-ның Бас мүфтиі Ержан қажының «Дін мен дәстүр» туралы жа-

бәріміздің ортақ мүддеміз, рухани жан азығымыз дедік. Ал, бүгін осыларды тыңдап, қаншалықты өмірімізге жаратып жатырмыз ба? Жоқ. Оған мен мына төмендегідей елде болып жатқан, «Ре» яғни, теріс өзгеріс пен теріс көзқарастарды келтірейін. Бұл жаңалық емес екенін оны өздеріңіз де жақсы білесіздер.

Қазір елімізде дәстүрлі салтымыздан Европа синдромы басым тұр. Елімізде бұрын-соңды болып-көрмеген нешестерлі сұмдықтар етек алуда. Ең бастылары, кешегі еңбектеніп, бағып-қағып өсірген әке мен шешесін менсінбей, күн көрсетпей, Қарттар үйіне апарып тастау. Некесіз де некелі де балаларын далаға тастап, не сәбилер үйіне өткізу – жезөкшелік, тәнін сатып іште де, сыртқа да кетіп жатқан қыздарымыз, тар шалбар киіп, жартылай жалаңаш шашын жайып көшеде жүрген қыз-келіншектер, некелілердің күнде ажырасуы, қыздарымыздың арақ ішіп, темекі шегуі, т.б. Ал, ұлдарымызға келер болсақ, нашақорлық, ішімдік, отбасына масыл, жұмыс істемеу, ұрлық, адам өлтіру, кісі тонау, түрмелерді үйлеріне айналдырып алуы, ең сорақысы бұрын-соңды құлақ естіп көрмеген, басқа елге барып «жиһат» соғысына қатысуы, т.т. Ең өкініштісі, мұның бәрі күнделікті құбылысқа айналып бара жатуында. Мұны кім тоқтатады? Бүгінде бұл сұрақ?..

Алда, Сарыарқаның төсінде болатын «ЭКСПО-2017» көрмесі келе жатыр. Оған дүниенің төрт бұрышынан адамдар келеді. Оған немізбен барамыз? Өзіміздің ұлттық салт-дәстүріміз бен мәдениетімізді көрсете аламыз ба? Одан кейін болашақ «Мәңгілік Қазақ елі» идеясы тұр. Оның адамы, халқының дәрежесі қандай болу керек, деген ой туындауда.

Енді, мына бір жәйттерге тоқтала кетсек, дініміздің, салт-

Өйткені, оны өлік иесі біледі – делінеді.

Осы тұста өткен жылы «Ислам өркениеті» газетінде жарияланған қысқаша мына бір кісінің өсиетін айта кетейін. Көкшетау, Зеренді ауданының Құрметті азаматы, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, аудандық газеттің бас редакторы болып отыз жыл қызмет еткен Баймұрат Азнабайұлы өсиеті: – Ағайын-туыс, жәмиғат! Мен кеткеннен кейін қырқыма, жылыма адамдарды шақыра бермендер, келгендері ет жеп, қысыр әңгіме айтқанынан гөрі, қырқыма бір семіз тайдың, жылына бір семіз биенің құнын мына ортамыздағы мешітке апарып беріңдер. Ондағы имамдар өзіме ата-бабаларыма құран бағыштасын. Мен мешітті ұстап тұру үшін қаражат керек екенін білемін–депті. Кейін де сол өсиеті орындалып, сол ауданның дәстүріне, салтына айналыпты. Ал, бізде осындай бастама бар ма? Жезді қалашығындағы мешітінің қаражаттың жоқтығынан құрылысы тоқтап қалды. Көп жерлерде мешітті ұстап тұру үшін қызметші, қыс айларында отын-суға қаражат жетпейді. Ауылдағы мешіттер қысқа қарай жабылады, қаражаттың жоқтығынан.

Кешегі уақыттың имам-молдалары мұндай аста-төкке тиым салатын, халыққа тиімді шариғаттың жеңіл түрін ұсынатын. Ондай аста-төкті «күпірлік», «кепиет» оның тіріге де өліге де пайдасы жоқ, оның зардабы елге, халыққа тиеді, ол тек мақтаныш үшін ғана дейтін. Олар, топырағы торқа, жәннат-

тағы да келеңсіз жағдайлардың куәсі болып жүрміз. Бір үй әкесінің қайтқан күніне құдайы берді. Сонда шәйдің әбзелдерімен бірге үстелге торт әкелінді. Отырған біреуіміз мына құран оқылатын дастарқанға тортың не, дегенде анау тұрып, біз әкемізден ештеңе аямаймыз демей бар ма. Кейбір үйлер айт шайға шақырады, барсаң жеті нан құдайы шелпек наны болмай құр шайға құран оқытады. Ол жерде бірдеңе айтуға қорқасын, ісі жаңағыдай болып тұрғанда. Кешегі тарыншылық, жоқшылық заманында да шешелеріміз біздің аузымыздан жырып азғантай бидайды айтқа сақтап, содан жеті нан шелпек пісіретін-ді. Соны көрген сіз бен біз бұл жерде не айтуға болады. Білмей ме, әлде өзінің ұлтымыздың салт-дәстүрін, дінімізді сыйламағандықтан ба? Сонымен бұл да бір сұрақ?..

Қазір не көп той көп. Еліміздің мемлекеттік және өзіміздің арамызда болып жататын мерейтойымыздан басқа бұрын естіп көрмеген тойлар қаптап кетті. Яғни, бұл жыл бойы той деген сөз. Баланың бір жасынан бастап бір жасқа толған тойы, тілашар тойы, сүндет той, 25, 30, 40, 50, 60 жас, оның сыртында мүшелі той деген шықты. Кейінде бірінші, он-бірінші сынып бітірген тойлар пайда болды. Бұл да бөсеке. Көрпеңе қарай көсіл, деуге болмайды. Оны ол мені бір бишара, деп тұрсың ба, дегендей кек тұтады. Үйіңе билет келеді. Бармай қалсаң менсінбегендей көрінесің. Өзіңді кінәлайды.

Сондықтан да осыны жалпыға ортақ бір жүйеге келтіруге бола ма? Мұның бәрін молдалар мен әкімдерге жүктей бермей, ол солардың жұмысы, міндеті дей бермей, өзіміздің тұрғындардың тарапынан қолдау мен көмек қажет шығар. Мысалға, бүгін бір намаз, екі құдайы, үш рет ет жеп тарадық. Сонда ол кімге пайда, кімге зиян. Мені ешкім зорлап жаздырып отырған жоқ. Мен де өздеріңнің бірімін. Бұл өмір, бұл болашақтың ісі. Соған қандай жол тандау керек?

Құдайға шүкір, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Елбасы Н.Назарбаев елімізді дүмше молдалардан сақтайық. Елімізде де, сыртта да мұсылман дінін оқытуға, болашақта мешіт-мдресселерді ұстайтын жастарды оқуға тартып жатырмыз, деді. Міне, солардың алды келіп дінімізге халыққа қызмет істеп жатыр. Солар қалашығымызда үшеу – Шәкей молданың баласы Якуда қажы, мешітіміздің бас имамы Дәулет Бәрген, кіші имам Қанат Изажаұлы Берлібеков, оған кеше Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасынан, оқыған тағы бір жас жігіт қосылды. Осындай ілімі бар жастар ауданымыздың барлық жерлеріне тараған.

Болашақ «Мәңгілік елдің» алтын діңгегі дініміз бен салт-дәстүріміздің қаймағы шайқалмасын. Еліміздің, халқының рухани байлығы, жан азығы ортаймасын!

Қадыр ҚҰЛАХМЕТ,
еңбек ардагері, зейнеткер.
Жезді кенті.

УЛЫТАУСКИЙ РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ РЕШЕНИЕ XXIII СЕССИИ

24 ноября 2014 год

№196

О предоставлении в 2014 году подъемного пособия и социальной поддержки для приобретения или строительства жилья специалистам здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты Улытауского района

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан от 8 июля 2005 года «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий», постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 февраля 2009 года № 183 «Об утверждении размеров и Правил предоставления мер социальной поддержки специалистам здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного

комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты», районный маслихат РЕШИЛ:

1. Предоставить специалистам здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты Улытауского района в 2014 году подъемное пособие в сумме, равной семидесятикратному месячному расчетному показателю и социальную поддержку для приобретения или строительства жилья в сумме, не превышающей одну ты-

сячу пятисоткратного размера месячного расчетного показателя на одного специалиста.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель сессии
У. Кожасова
Секретарь Улытауского
районного маслихата
Т. Сейтжанов

СОГЛАСОВАНО:
Руководитель государственного
учреждения «Отдел экономики и
финансов
Улытауского района»
Т.З. Шайхин

(Решение №196 районного
маслихата от 24 ноября 2014 года
зарегистрировано Департаменте
юстиции Карагандинской области
22 декабря 2014 года в списке
нормативно-правовых актов под
номером 2886).

24 ноября 2014 год

№198

О внесении изменений и дополнений в решение Улытауского районного маслихата от 12 июля 2013 года №113 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан»

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 13 декабря 2001 года «О праздниках в Республике Казахстан», Улытауский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Улытауского районного маслихата от 12 июля 2013 года №113 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 2381, опубликовано в газете «Улытау өңірі» от 17 августа 2013 года № 30 (5902)) следующие дополнения:

пункт 6 Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан, утверждены указанным решением изложить в следующей редакции:

«6. Перечень памятных дат и праздничных дней для оказания социальной помощи:

- 1) 9 мая – День Победы
- 2) 1 июня – День защиты детей;
- 3) 1 октября – День пожилых;
- 4) День инвалидов (второе воскресенье октября);
- 5) 1 декабря - День Первого Президента Республики Казахстан;
- 6) 1-2 января – Новый год;
- 7) День Независимости Республики Казахстан – 16 декабря;
- 8) Международный женский день – 8 марта;
- 9) Наурыз мейрамы – 21-23 марта;
- 10) Праздник единства народа Казахстана – 1 мая;

- 11) День Столицы – 6 июля;
- 12) День Конституции Республики Казахстан – 30 августа;
- 13) День вывода войск из Афганистана – 15 февраля;
- 14) День аварии на Чернобыльской АЭС – 26 апреля.»;

пункт 9 изложить в следующей редакции:

«9. Перечень получателей социальной помощи:

- 1) участники Великой Отечественной войны: военнослужащие, проходившие службу в воинских частях, штабах и учреждениях, входивших в состав действующей армии и флота в период первой мировой, гражданской и Великой Отечественной войн, а также во время других боевых операций по защите бывшего Союза Советских Социалистических Республик (далее - СССР), партизаны и подпольщики гражданской и Великой Отечественной войны;

2) лица, приравненные к участникам Великой Отечественной войны:

военнослужащие, а также лица начальствующего и рядового состава органов внутренних дел и государственной безопасности бывшего Союза ССР, проходившее в период Великой Отечественной войны службу в городах, участие в обороне которых засчитывалось до 1 января 1998 года в выслугу лет для назначения пенсии на льготных условиях, установленных для военнослужащих частей действующей армии;

лица вольнонаемного состава Советской Армии, Военно-Морского Флота, войск и органов внутренних дел и государственной безопасности бывшего Союза ССР, занимавшие штатные должности в воинских частях, штабах, учреждениях, входивших в состав действующей армии в период Великой Отечественной войны, либо находившиеся в соответствующие периоды в городах, участие в обороне которых засчитывалось до 1 января 1998 года в выслугу лет для назначения пенсии на льготных условиях, установленных для военнослужащих частей действующей армии;

лица, которые в период Великой Отечественной войны находились в составе частей, штабов и учреждений, входивших в состав действующей армии и флота в качестве

сыновей (воспитанников) полков и юнг; лица, принимавшие участие в боевых действиях против фашистской Германии и ее союзников в годы второй мировой войны на территории зарубежных стран в составе партизанских отрядов, подпольных групп и других антифашистских формирований;

работники спецформирований Народного комиссариата путей сообщения, Народного комиссариата связи, плавающего состава промысловых и транспортных судов и летно-подъемного состава авиации, Народного комиссариата рыбной промышленности бывшего Союза ССР, морского и речного флота, летно-подъемного состава Главсевморпути, переведенных в период Великой Отечественной войны на положение военнослужащих и выполнявших задачи в интересах действующей армии и флота в пределах тыловых границ действующих фронтов, оперативных зон флотов, а также членов экипажей судов транспортного флота, интернированных в начале Великой Отечественной войны в портах других государств;

граждане, работавшие в период блокады в городе Ленинграде на предприятиях, в учреждениях и организациях города и награжденные медалью «За оборону Ленинграда» и знаком «Житель блокадного Ленинграда»; бывшие несовершеннолетние узники концлагерей, гетто и других мест принудительного содержания, созданных фашистами и их союзниками в период второй мировой войны;

участники боевых действий на территории других государств, а именно: военнослужащие Советской Армии, Военно-Морского Флота, Комитета государственной безопасности, лица рядового и начальствующего состава Министерства внутренних дел бывшего Союза ССР (включая военных специалистов и советников), которые в соответствии с решениями правительственных органов бывшего Союза ССР принимали участие в боевых действиях на территории других государств; военнообязанные, призванные на учебные сборы и направлявшиеся в Афганистан в период ведения боевых действий; военнослужащие автомобильных батальонов, направлявшиеся в Афганистан для доставки грузов в эту страну в период ведения боевых действий; военнослужащие летного состава, совершавшие вылеты на боевые задания в Афганистан с территории бывшего Союза ССР; рабочие и служащие, обслуживающие советский военный контингент в Афганистане, получившие ранения, контузии или увечья, либо награжденные орденами и медалями бывшего Союза ССР за участие в обеспечении боевых действий;

лица, принимавшие участие в ликвидации последствий катастрофы на Чернобыльской атомной электростанции (далее – АЭС) в 1986-1987 годах, других радиационных катастроф и аварий на объектах гражданского или военного назначения, а также участвовавшим непосредственно в ядерных испытаниях и учениях;

3) инвалиды Великой Отечественной войны:

лица из числа военнослужащих действующей армии и флота, партизан и подпольщиков первой мировой, гражданской и Великой Отечественной войн, а также рабочих и служащих соответствующих категорий, ставших инвалидами вследствие ранения, контузии, увечья или заболевания, полученных в период первой мировой, гражданской и Великой Отечественной войн на фронте, в районе военных действий, на прифронтовых участках железных дорог, на сооружении оборонительных рубежей, военно-морских баз и аэродромов, и приравненных по пенсионному обеспечению к военнослужащим;

4) лица, приравненные к инвалидам

Великой Отечественной войны:

военнослужащие, ставшие инвалидами вследствие ранения, контузии, увечья, полученных при защите бывшего Союза ССР, при исполнении иных обязанностей воинской службы в другие периоды или вследствие заболевания, связанного с пребыванием на фронте, а также при прохождении воинской службы в Афганистане и других государствах, в которых велись боевые действия; лица начальствующего и рядового состава органов внутренних дел и государственной безопасности бывшего Союза ССР, ставшим инвалидами вследствие ранения, контузии, увечья, полученных при исполнении служебных обязанностей, либо вследствие заболевания, связанного с пребыванием на фронте или выполнением служебных обязанностей в государствах, где велись боевые действия;

лица из числа бойцов и командного состава истребительных батальонов, взводов и отрядов защиты народа, действовавших в период с 1 января 1944 года по 31 декабря 1951 года на территории Украинской ССР, Белорусской ССР, Литовской ССР, Латвийской ССР, Эстонской ССР, ставшим инвалидами вследствие ранения, контузии или увечья, полученных при исполнении служебных обязанностей в этих батальонах, взводах, отрядах; рабочие и служащие соответствующих категорий, обслуживающие действующие воинские контингенты в других странах и ставшие инвалидами вследствие ранения, контузии, увечья либо заболевания, полученных в период ведения боевых действий;

лица, ставшие инвалидами вследствие катастрофы на Чернобыльской АЭС и других радиационных катастроф и аварий на объектах гражданского или военного назначения, испытания ядерного оружия, и их дети, инвалидность которых генетически связана с радиационным облучением одного из родителей;

5) другие категории лиц, приравненных к участникам войны: семьи погибших военнослужащих, а именно: семьи военнослужащих, партизан, подпольщиков, указанных подпунктах 1), 2), 3), 4) данного пункта Правил, погибших (пропавших без вести) или умерших в результате ранения, контузии или увечья, полученных при защите бывшего Союза ССР, при исполнении иных обязанностей воинской службы (служебных обязанностей) или вследствие заболевания, связанного с пребыванием на фронте; семьи погибших в Великую Отечественную войну лиц из числа личного состава групп самозащиты объектов и аварийных команд местной противовоздушной обороны, семьи погибших работников госпиталей и больниц города Ленинграда;

семьи военнослужащих, лиц начальствующего и рядового состава, призванным на сборы военнообязанных Министерства обороны, органов внутренних дел и государственной безопасности бывшего Союза ССР погибших (умерших) во время выполнения задач по охране общественного порядка при чрезвычайных обстоятельствах, связанных с антиобщественными проявлениями;

семьи военнослужащих, погибших (пропавших без вести) или умерших вследствие ранения, контузии, увечья, заболевания, полученным в период боевых действий в Афганистане или в других государствах, в которых велись боевые действия;

семьи военнослужащих погибших (умерших) при прохождении воинской службы в мирное время; семьи лиц, погибших при ликвидации последствий катастрофы на Чернобыльской АЭС и других радиационных катастроф и аварий на объектах гражданского или военного назначения;

семьи умерших вследствие лучевой болезни или умерших инвалидов, а также граждан, смерть которых в установленном порядке связана с воздействием катастрофы на Чернобыльской АЭС и других радиационных катастроф и аварий на

объектах гражданского или военного назначения и ядерных испытаний;

дети и другие иждивенцы погибшего (пропавшего без вести, умершего), которым в связи с этим выплачивается государственное социальное пособие по случаю потери кормильца;

родители; супруга (супруг), не вступивших в повторный брак; жены (мужья) умерших инвалидов войны и приравненных к ним инвалидов, а также жены (мужья) умерших участников войны, партизан, подпольщиков, граждан, награжденных медалью «За оборону Ленинграда» и знаком «Житель блокадного Ленинграда», признававшихся инвалидами в результате общего заболевания, трудового увечья и других причин (за исключением противоправных), которые не вступали в другой брак;

лица, награжденные орденами и медалями бывшего Союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны, а также лица из числа участников ликвидации последствий катастрофы на Чернобыльской АЭС в 1988-1989 годах, эвакуированных (самостоятельно выехавших) из зон отчуждения и отселения в Республику Казахстан, включая детей, которые на день эвакуации находились во внутриутробном состоянии.

рабочие и служащие, направлявшиеся на работу в Афганистан в период с 1 декабря 1979 года по декабрь 1989 года и в другие страны, в которых велись боевые действия;

рабочие и служащие Комитета государственной безопасности бывшего Союза ССР, временно находившиеся на территории Афганистана и не входившие в состав ограниченного контингента советских войск;

6) лица, проработавшие (служившие в армии) в годы Великой Отечественной войны не менее шести месяцев;

7) дети-сироты и дети-инвалиды до 18 лет, дети, оставшиеся без попечения родителей;

8) пенсионеры достигшим семидесяти лет и старше;

9) инвалиды 1, 2, 3 группы старше 18 лет;

10) одинокие и одинокопроживающие нетрудоспособные пенсионеры, пенсионеры получающие минимальный размер пенсии, малообеспеченные семьи;

11) жертвы политических репрессий;

12) многодетные матери, награжденные подвесками «Алтын алка» и «Кумис алка»;

13) многодетные семьи, имеющие четырех и более несовершеннолетних детей;

14) малообеспеченные граждане, имеющие доход ниже черты бедности;

15) малообеспеченные граждане, имеющие доход ниже продовольственной корзины.».

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Председатель сессии

У. Кожасова

Секретарь Улытауского
районного маслихата

Т. Сейтжанов

СОГЛАСОВАНО:
Временно исполняющий обязанности
Руководителя отдела занятости и
социальных программ Улытауского
района

А. Абилова

(Решение №198 районного маслихата
от 24 ноября 2014 года зарегистрировано
Департаменте юстиции Карагандинской
области 22 декабря 2014 года в списке
нормативно-правовых актов под номером
2885).

Әкімшілік жауапкершілікке басымдық беріледі

2015 жылдың қаңтар айынан бастап елімізде жаңа «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодекс қолданысқа енгізіледі. Бұл Кодекстің негізгі қабылдану себептерінің бірі — тиісті заңнама ережелерін қылмыстық жауапкершіліктен әкімшілік тәртібіне өткізу, сонымен қатар, әкімшілік құқықбұзушылық жауапкершілікті арттыру болып табылады. Ал, бұл өзгерістер еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамытуға бағытталған.

Қазіргі қолданыстағы Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 357-4-бабында: «Заңнамада көзделген жағдайларда заңды тұлғаны, филиалды, өкілдікті қайта тіркемей қызметті жүзеге асыра беру — шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға — жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерінде, ал ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соқтырады. Бұған қоса тіркеуші органға заңды тұлғаның тұрғылықты мекен-жайының өзгергені туралы уақытында хабарламау — шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға — он, ірі

кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Ал, жаңа Кодекстің 466-бабында қолданыстағы аталған баптың екі тармағы: заңнамада көзделген жағдайларда заңды тұлғаны, филиалды, өкілдікті қайта тіркемей, қызметті жүзеге асыру, тіркеуші органға заңды тұлғаның тұратын жерінің өзгергені туралы уақытында хабарламау, бұл ережелердің еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсері болғандықтан өзгеріссіз қалып, ондағы шағын кәсіпкерлік субъектісіне салынатын айыппұл І-тармақта тиісінше жиырмадан он айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұлға, ал ІІ-тармақта оннан бес айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне өзгеріп отыр. Қазіргі қолданыстағы Кодекс нормаларына сәйкес аталған әкімшілік құқықбұзушылықты жасағаны үшін азаматтық хал актілерін тіркеу органы әкімшілік бұзушылық туралы хаттама толтырып, өкімшілік істі қарау үшін сотқа жолдайды. Ал, енді жаңадан енгізілетін Кодекс нормаларына сәйкес Әділет органдары әкімшілік бұзушылық туралы хаттама толтырады және істерді өзі қарайтын болады. Бұл өзгерістер азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы әкімшілік

құқықбұзушылық үшін айыппұл мөлшерінің аздығымен (5 айлық есептік көрсеткіш), сондай-ақ, қазіргі таңда соттарда азаматтық істердің қаралуының көптігімен байланысты деуге болады.

Неке — отбасы заңнамасындағы әкімшілік құқықбұзушылықтардың субъектісі жеке тұлғалар болып табылады. Себебі, некеге тұруға, бала тууды тіркеуге, әке болуды анықтауға, некені бұзу туралы өтінішпен жүгінетін тек жеке азаматтар. Жеке тұлғалардың азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу тәртібін сақтаудағы міндеттері «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 186-бабында белгіленген, яғни азаматтық хал актілерін тіркеген кезде некеге (ерлі-зайыптылыққа) тұруға кедергі келтіретін жәйттарды жасыруға немесе жалған мәліметтер беруге тыйым салынады. Некеге тұруға кедергі келтіретін ең басты себеп ретінде, арыз білдірушінің өтініш берген сәтте басқа адаммен некеде тұруын атауға болады. Себебі, қолданыстағы неке — отбасы заңнамасымен, бір адамның екі рет некеге отыруына жол берілмейді.

С.ЖОЛДЫБАЕВ,
Ұлытау ауданы Әділет басқармасының басшысы.

Сот тынысы

Семинар-сабақ өтті

Ұлытау аудандық сотының 2014 жылдың ІІ-жартыжылдық жоспары бойынша, 27 қараша 2014 жылы «Сот істерін оларды қарағаннан кейін ресімдеу» туралы семинар-сабақ өтті. Семинар-сабаққа Ұлытау аудандық сотының төрағасы С.Сағатов, судья Е.Бейсембаев және сот мамандары қатысты.

Аталған тақырып бойынша аудандық соттың бас маманы А.Қалекенова «ҚР Сот органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі» бағдарламасы бойынша аудандық және оған теңестірілген сотта іс-қағаздарын жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың 11 бөліміне сәйкес, сот отырысының хатшысы іс қаралғаннан немесе кейінге қалдырылғаннан және сот актілері шығарылғаннан кейін жасалатын әрекеттерге тоқталып өтті.

Атап айтқанда, шақырту қағаздарына белгі түсіріп, осы белгіні өз қолымен және соттың мөртаңбасымен куәландырады; заңда белгіленген мерзімде іс бойынша сот талқылауының хаттамасын әзірлейді; құжаттарды іске хронологиялық тәртіп бойынша тігеді; сот актілері мен хат алмасулар, сот талқылауына дейін сот талқылауы барысында түсу ретіне қарай іске қоса тіркелген құжаттар, сот отырысының хаттамасы, содан кейін сот актілері (үкім, шешім, соттың ұйғарымы немесе қаулысы); істің парақтарын нөмірлейді және өз қолымен істегі материалдардың тізімдемесін жасайды немесе бар тізімдемені жалғастырады; сот отырысының тыңдауы барысында аудио және (немесе) бейнежазба жүргізеді; сот отырысының хаттамасына аудио және (немесе) бейнежазба дискісін қоса тіркейді; атқару құжаттарын сот актілері заңды күшіне енгеннен кейін, ал ҚР АІЖК-нің 237-бабында көзделген жағдайларда кешіктірмей жазды және шешім шығарылғаннан кейін дереу орындарға жібереді; егер сот бұлтартпау шаралары ретінде сотталушыға ешқайда кетпеу және өзін дұрыс

ұстау туралы қолхатты таңдаса немесе бұрын таңдалған қамауға бұлтартпау шарасы ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхатымен өзгертілсе, сотталушыдан осындай қолхатты алады; егер сотталушы түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқаруға немесе қоғамдық жұмыстарға кесілген болса, онда сотталушыдан қылмыстық-атқару инспекциясына келу туралы қолхат алады; сотталушыны іздеу үшін қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулы бар болған жағдайда, осы қаулының көшірмелері аудандық соттың орналасқан жеріндегі прокуратураға және қылмыстық қудалау органына жіберіледі; ҚІЖК 50-бабы 1-тармағының 2-тармақшасында көзделген негіздерге сәйкес іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру кезінде, ҚІЖК 321-бабының 2-бөлігінде және 315-бабының 2-бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұл іс және соттың басты талқылауында қарау басталғанға дейін прокурор қайтарып алған істі, судьяның қолы қойылған ілеспе хатпен бірге прокурорға қайтарады; процеске қатысушыларға заңды күшіне енген сот актілерінің көшірмесін береді; сырттай шешімнің көшірмесі шығарылған күннен бастап үш күннен кешіктірмей сот отырысына қатыспаған жауапкер мен талапкерге, оның тапсырылғандығы туралы хабарламамен бірге жібереді; сот отырысының хатшысы сот отырысына келмеген тараптар мен іске қатысушы басқа да адамдарға, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы немесе тоқтатылуы, талап-арыздың қараусыз қалдырылуы туралы сот актілерінің көшірмелерін, түпкілікті нысанда шешім шығарған кезден бастап бес күннен кешіктірмей (АІЖК 241,254-баптары), сот бұйрығының күшін жою туралы ұйғарымның көшірмесін ол шығарылғаннан кейін үш күннен кешіктірмей (АІЖК 148-бабы), сот ұйғарымының көшірмесі (сот орындаушысының ұсынуы бой-

ынша) борышкер мен өндіріп алушыға үшкүндік мерзімде жіберіледі (АІЖК 240-4-бабы); тергеу изоляторының әкімшілігіне қамауға алынған адамдардың саны сот актілерінің, үкімдерінің көшірмелері (2 данадан) жіберіледі; үкім жарияланғаннан кейін бес тәуліктен кешіктірмей сот актілерінің көшірмелерін сотталушыға (ақталушыға, қорғаушыға және айыпталушыға) тапсырады (ҚІЖК 386-бабы); әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша қаулының көшірмесі іс қаралғаннан кейін дереу жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне, сондай-ақ, оларға қатысты шығарылған қаулыны және олардың өтініші бойынша жәбірленушіге, жеке тұлғаның заңды өкіліне тапсырылады. Аталған адамдар болмаған жағдайда қаулының көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш күн ішінде жіберіледі. Әкімшілік қамауға алу туралы қаулы шығарылған жағдайда қаулының көшірмесі дереу прокурорға жіберіледі; БААТЖ базасында сот актілерін көрсете отырып, сол күнге тыңдауға тағайындалған істердің кестесіне сәйкес, істің қарау нәтижелері мен қозғалысы туралы есепке алу құжаттарының деректемелерін күнделікті толтыруды қамтамасыз етеді; істің анықтама парағында істің бірінші сатыда қарауға дайындаудағы соттың барлық іс жүргізу әрекеттері мен іс қозғалыстары туралы белгілер қояды; сот актілерінің, хаттамалардың электрондық мазмұнын енгізуді қамтамасыз етеді; сот актісі заңды күшіне енген кезден бастап заңнамаға сәйкес оның орындалуы үшін жөнелту жөнінде кейін үшкүндік мерзімде белгіленген тәртіппен ресімделген істі соттың кеңсесіне өткізеді.

Семинар-сабаққа қатысқан сот мамандары аталған әрекеттерді күнделікті қызметтерінде қолданады.

Ұлытау аудандық сотының баспасөз қызметі.

Алкоголь өнімдерін көтерме және бөлшектеп сатушы тұлғалар назарына

«Этиль спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №210-V Заңы 2014 жылдың 18 маусымында қабылданды. Бұл заңның негізгі мақсаты алкоголь қолданысын төмендету, алкоголь өнімдерінің көлеңкелі айналымын қысқарту, кейбір заңнамалық актілерді жетілдіру болып табылады және төмендегідей негізгі нормаларды қамтиды:

—спиртті ішімдіктерді сатуға тыйым салынатын жерлердің қатарын көбейту, нақтырақ айтсақ, денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыстың, авто жанармай құю стансаларының, сауда базарларының, мәдени-демалыс ұйымдарының ғимараттарында және аумақтарында сатуға тыйым салынады.

—алкогольдік өнімдерді сатуға тыйым салынатын уақыттың көбеюі: мейрамханаларда, барларда және дәмханаларда өткізуді қоспағанда, алкоголь өнімін сағат 23-тен келесі күнгі 8-ге дейін; этил спиртінің 30 пайыздан асатын көлемдік үлесімен сағат 21-ден келесі күнгі 12-ге дейін өткізуге тыйым салынады;

—21 жасқа толмаған тұлғаларға алкоголь өнімін сату және алкоголь өнімінің сатылу уақытын бұзғандар үшін жауапкершіліктің күшеюі;

—алкоголь өнімдерін көтерме және бөлшектік сататын тұлғалар үшін жыл сайын төленетін лицензиялық жинақтың енгізілуі және т.б.

—Енгізілген өзгерістерге сәйкес 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап алкоголь өнімдерін көтерме және бөлшектік сатушы тұлғалар жыл сайын лицензиялық жинақ төлеп отыруы керек. Төлем қаңтардың 1-20 аралығында жүзеге асырылады. Аталған Заңның 471-статьяның баптарында көрсетілген лицензиялық жинақ көлемі келесідей көрсетілген:

1.88.-1	Алкоголь өнімдерін оның өндіру аумағында сақтау мен бөлшектеп сатудан басқа, сақтау мен бөлшектеп сатуды жүзеге асыратын тұлғалар үшін : астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін	100 АЕК
	аудандық маңызы бар қалалар мен кенттер үшін	70 АЕК
	(Жезді, Қарсақпай, Ақтас) ауылдық жерлерде (селолық округтер)	30 АЕК

Аталған Заң 2014 жылдың 21 маусымында бұқаралық ақпарат құралдары бетінде жарық көрді және ресми жарияланғаннан кейін 21 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қосымша ақпарат алу үшін 2-11-91 нөміріне хабарласыңыздар.

А. ЕРҒАЛИЕВА,

Ұлытау ауданы бойынша Мелекеттік кірістер басқармасы салықтық бақылау бөлімінің бас маманы.

Аудан әкімдігі мен аудандық мәслихат аудан әкімінің орынбасары Аманжол Батырбекұлы Мырзабековке әжесі **Мәнуар Жауғашқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЕСКЕ АЛУ

Мақсұтжан бөлек дара едің,
Өзің ғой едің барымыз.
Бір ұрпақтың нары едің,
Ауырып кетті-ау жанымыз.

Өзіңнің тұлғаң ерекше еді,
Туысқа, досқа сыйымды.
Қалайша тастап кеттің сен,
Жанұя толған үйінді.

Өмірдің жалған екені,
Осындайда білінеді.
Жарқырап жүрген Мақсұттан,
Айырылған бір күн ед,
Айырылған бір күн ед...

Рухыңа тағзым етіп, өзіңді құрметпен еске алушы ағаң Елтынды.

ЕСКЕ АЛУ

Ағам да болдың, досым да болдың Мақсұтым,
Көңіл ниетің жақындарыңа жақсы-тың,
Шетелде жатып естіген қайғы хабардан
Көңіл ойымды, жан дүниемді басты мұң.
Көңіл айтуға жеттім-ау, әйтеуір, жеттім-ау.
Өмірдің әділетсіздігі ме деп мынау.
Қайтейін Мақа, қайран Мақам, Мақам-ау.
Соңғы парызымды атқарғандай боп кеттім-ау...

Аса қадірлі бауырым Апланың жазымышынан кім қол үзген.
Қалған жерде жанұяңның, бала-шағаңның амандығын, тілеуін тілеп отырамыз. Иманың саламатта болғай, жан досым! Өзің біздің мәңгі есіміздесің.

Кенжеғарин Қайрат ЕРТАРҒЫНҰЛЫ.
Грузия елінен.



Жас суретшілер көзімен

Бала қиялы қашанда жүйрік емес пе! Мына суреттерде қыс қызығын тамаша өрнектей білген. Бұл туындыларды редакциямызға әкеліп табыс еткен Жездідегі қос мектептің сурет пәнінің мұғалімдері Зейтін Әжібеков пен Азамат Жайлыбаевтарға ризашылығымызды білдіре отырып, жас таланттардың өнерге деген бейімін шыңдай беріңіздер,- дегіміз келеді.



Айым Мұратбекова
«Көңілді шырша түбінде»



Аидана Төлегенова
«Қыс көрінісі»



Айжанар Қыдырбек
«Жапандағы жалғыз үй»



Айжан Ыбырай
«Сырғанақ тебудің қызығы мол»



Зарина Башарова
«Мұрынды сәбізден қоямыз»



Жаннат Дәуіт
«Аппақ қала, ақ қала»



Махаббат Сүлеймен
«Жаңа жылыңызбен!»

«Босағада» бәрі бар

Сырттағы аязды «Босаға» дүкеніне ілестіре енгенімізде көзге алғаш шалынғаны алуан түрлі ойыншықтармен көмкерілген жасыл шырша болды. Жаңа жыл қарсаңында тұтынушылардың көңіл-күйін көтеріп тастайтын көрініске риза болып, сөрелерде қаз-қатар жинап қойған мерекелік сый-сияпаттарға көз жүгірттік. Дайындалған сыйлықтар әркімнің қалтасы көтеретіндей баға қойылғанын көріп, жеке кәсіпкер Бибігүл Қазыбекқызы Нұрғалиевамен тілдестік.

—Жұбайым Әбдісапар екеуіміздің бұл кәсіппен айналысқанымызға жеті жылдың жүзі болды. Мен дүкенде тұтынушыларға сауда қызметін көрсетсем, отағасымыз жеңіл автокөлігімен қаладан түрлі товарлар жеткізіп тұрады,—дейді. Аралас заттар сауда орнында киім-кешектер, тұрмыстық қажеттілікке керекті құрал-саймандар жеткілікті екен. Шыныланған жайма сөрелерде күнделікті қолданысқа пайдаланылатын бөлшек заттардың бәрі рет-ретімен қойылып, бағалары көрсетілген. Тағы бір байқағанымыз, азық-түліктер қорының молдығы да көрініп тұрды. Тұтынушылардың біразы мерекелік дастарқандарға түрлі конфет-печеньелер, көркемделіп пісірілген торттар әкеліп жатса, балалар жағы жаңажылдық карнавалға кигетін түрлі аңдардың маскаларын сатып алып жатты.

Кентімізде кәсіпкершілігін дамытып, мәдени сауда қызметін көрсетіп жатқан Нұрғалиевтар отбасына Жаңа жылда жарқын табыстарға жете беріңдер!—демекпіз.

Мұхтар ДӘУІТОВ.



«Босаға» сауда орнының иесі Б.Нұрғалиева қызмет үстінде.

ҚАЛЖЫҢДАЙ БІЛГЕН
ЖАҚСЫ ҒОЙ!

Жаңа жылды мейлінше тойлап, арақтан бет-ауызы ісініп, сақал-мұртын қырынуға да қолы тимеген отағасының ұйқыдан әрең оянганын көрген әйелі:


—түрің Аяз Атаға ұқсап кетіпті, тек мұрныға қызыл помадамды жаға салсам тіпті аумап қалар ең!—дегенде басы сынып тұрған күйеуі:

—помаданды қор қылмай, жүз грамыңнан құйып жіберсең, мұрынның өзі-ақ қызарып шыға келеді,—деген екен.

Кеңес Одағы ыдырап жатқан кезде суретші қабырға газетін шығарып, «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранды қандай сөзбен алмастырсам екен,—деп дал болып тұрғанда ауылдың бір айтқышы:

«Дара-дара, Құдай пана!» — деп жазғаның дұрыс болар-ау,—деген екен.

Сарлықтың Шахмарданы жезділік танысын қағытып: Деуші едіңдер мақтанып, Кенім айдың тасындай. Фабрикаң тұр таттанып, Шахтаң жатыр ашылмай—дегенде, әлгі танысы: Айналайын Шахмардан, Жайыңа жүр тіреспей. Біздің Жезді қаһарман, Мәскеуің мен Брестей — деп оған соғыс жылдары бүкіл Кеңес Одағын жаудан қорғап қалған Жездінің марганеңі екенін есіне түсіріп, инвесторлар кен орнын қолға алғалы жатқандығынан хабардар етіпті.



Өзіл-қалжыңдарды қағазға түсірген Мықты УЫТ.



**Директор -
Бас редактор
ЕЛТЫНДЫ ДҮЙСЕНБАЕВ**

Ауқандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС)

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімдігі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Абай көшесі, 23- үй.
Тел: 2-13-72
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1500 дана
Көлемі - 3 баспатабақ
Тапсырыс - 51